

№

6


2010

ҚАЗАҚ және ӘЛЕМ
ӘДЕБИЕТІ



КАЗАХСКАЯ и МИРОВАЯ
ЛИТЕРАТУРА





**«БІЛІМ LTD»
және «СӘТНАЗ»
ЖШС-нен шығатын
басылымдарға
жазылыңыздар!**

ӘЛЕМДІ КЕҢІ БІЛЕК ТАНЫП, БІЛІМ АЛ!

ҚАЗАҚ
және ӘЛЕМ
ӘДЕБИЕТІ

№6
(42)

КАЗАХСКАЯ
и МИРОВАЯ
ЛИТЕРАТУРА

2010

Журнал 2004 жылдың наурыз айынан бастап, қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады
Журнал издается с марта 2004 года на казахском и русском языках

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

ЗЕРТТЕУ

Е. ТІЛЕШОВ. Замана рухы және мәдени-әдеби үдеріс 3

Н. КЕНЖЕҒАРАЕВ. Т.Тебегенов еңбектеріндегі автор мен адресат мәселелері 7

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

Ж. ҚОБЫЛАНОВ. Лопе де Вега — испан әдебиетінің корнекті өкілі 9

ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР

Г. МАУЛЕНОВА. «Бала Шоқан» хикаятының көркемдігі 13

МҰҒАЛІМҒЕ КОМЕК

К. БІТІБАЕВА. Оқулық-әдістемелік бағдарлама 17

ЛИТЕРАТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ

С. ДЖАНСУГУРОВ. Особенности перевода поэмы И.Джансугурова «Кулагер» 19

ОҚЫТУШЫ ТӘЖІРИБЕСІ

М. МАХАНОВА. «Сұлушаш» поэмасын оқыту 21

ОПЫТ ПРЕПОДАТЕЛЯ

Б. КУНЧАЕВА. Виды казахского национального фольклора 23

В ПОМОЩЬ УЧИТЕЛЮ

Р.Г. РАХМАНБЕКОВА. Язык — душа народа 25

МЕТОДИЧЕСКАЯ КОПИЛКА

Ж. СУЛЕЙМЕНОВА. Педагогические технологии в системе повышения квалификации преподавателя и качества ЗУП у учащихся 26

Ж. ИБРАИМОВА. Научные исследования в курсовой работе 28

ЛИТЕРАТУРА В ШКОЛЕ

Ж. САРМАНОВА. Познание мира. Овощи, растения, фрукты 29

МЕРЕЙТОЙ

Л. БАҚТЫБАЕВА. Еңбегін елі елеген 30

ӘДЕБИ СЫН

К. РАЕВ. Аңызбен астарласқан ақиқат 31

ҚҰРЫЛТАЙШЫ
«Білім LTD» ЖШС

Бас директор
Ақбала АЙЕКЕЕВА

Редакторлар кеңесінің төрағасы
Сағымбек БЕКМОЛДИНОВ

Бас редактор
Темірхан ТЕБЕГЕНОВ

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде
06.05.2003 ж.
Астана қаласында тіркеліп,
N3849-Ж куәлігі берілген.

Басуға 04.11.2010
қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8
Авторлық б.т. 2,0.
Офсетті басылым.
Таралымы 1500.
Басылым индексі: 75566

Редакцияның мекен-жайы:
050016. Алматы қаласы,
Райымбек даңғылы 162,
4 қабат, 44-46 бөлме,
Факс. 233-69-38.
Тел. 233-69-46, 279-61-48.
Email: satnaz@rambler.ru

Журнал ЖШС «Азия Принт
баспаханасында» басылды.
Алматы қаласы, Бродский
көшесі, 60.

«Қазақ және әлем әдебиеті
– Казахская и мировая
литература»



«Қазақ және әлем әдебиеті – Казахская и мировая литература»



Құрметті оқырман қауым!
«Қазақ тілі – Казахский язык»,
«Бухгалтерлер мектебі –
Школа бухгалтеров»,
«Физика және астрономия –
Физика и астрономия»
журналдарына 2011 жылға жазылыңыздар!

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Ұсынылған материалдар компьютерде Times New Roman (Windows XP) шрифтісімен терілуі тиіс. Көлемі 4-6 бет шамасында болуы тиіс. Фотосурет 12x15 см, 2 данадан болуы керек. Жіберілген материал соңында автор туралы нақты әрі толық мәлімет болуы қажет. Материалдарды көрсетілген мекен-жайға, яғни редакция тұрағына бағалы хатпен жіберген дұрыс.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Предоставляемые материалы должны быть набраны и отпечатаны в виде принтерных распечаток шрифтом Times New Roman (Windows XP). Объем не более 4-6 страниц. Фотография 12x15 см, четкая (2 экз.). Точные, полные данные об авторе и подпись в конце статьи. Материалы отправлять заказным письмом по адресу: Алматы, пр. Райымбека, 162, оф. 44-46.

Набор, дизайн полос и обложки, верстка
издательский центр ТОО «Білім LTD»

Журнал зарегистрирован
в Министерстве культуры, информации
и общественного согласия Республики Казахстан.
Свидетельство N 3849-ж от 06.05.2003 г., г. Астана.

Подписной индекс: 75566

Подписано в печать 04.11.2010 г.

Формат 60x84 1/8

Уч. изд. п.л. 2,0.

Печать офсетная.

Тираж 1500 экз.

Учредитель:

ТОО «Білім LTD»

Адрес: 050016, г. Алматы,

пр. Райымбека, 162.

4-этаж, офис 44-46

факс: (327) 233-69-38

тел.: (327) 279-61-48, 233-69-46.

РЕДАКЦИОННОЕ СОСТАВ

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Сейіт Қасқабасов – ҚР БЖҒМ, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның академигі.

Қуандық Мәшһүр Жүсіп – С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының Құрметті меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бауыржан Омаров – ҚР Мәдениет министрлігі Тіл комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Байзақ Момынбаев – Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор.

Шәкір Ыбыраев – Ш.Уәлиханов атындағы Кокшетау мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Бейбіт Мамыраев – Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Ерлан Сыдықов – Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор.

Қансейіт Әбдәулы – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектептер ҒА-ның академигі.

Дандай Ысқақұлы – Сүлейман Демірел атындағы қазақ-түрік университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Гуманитарлық ҒА-ның академигі.

Құлбек Ергөбек – Қожа Ахмет Яссауи атындағы Түркістан халықаралық қазақ-түрік университетінің вице-президенті, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Дихан Қамзабекұлы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қадыр Жүсіп – Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университетіндегі З.Қабдолов атындағы ғылыми-зерттеу орталығының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Төкен Жұмажанова – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының докторы.

Сәуле Әбішова – Абай атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі лингвистика және әдебиеттану кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қанипа Бітібаева – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР еңбек сіңірген мұғалімі, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласындағы №1 қазақ орта мектебінің мұғалімі.

Бекен Ыбырайым – Қазақтың мемлекеттік Қыздар педагогикалық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Сейфитден Сүтжанов – Павлодар мемлекеттік педагогикалық институтындағы филология факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Мәуен Хамзин – Қарағанды «Болашақ» университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Өмірхан Әбдиманұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор.



ЗАМАНА РУХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИ-ӘДЕБИ ҮДЕРІС

Үлттың өмірді тану, айналадағы қоғамдық құбылыстарды бағалау түсінігі әрқашан қордалану, жинақталу үстінде болмақ. Бұл көркемөнер түрлерінің ішінде, ең алдымен әдеби шығармалардан көрініс табады. Бұл ерекшелік барлық халықтардың әдебиетіне тән құбылыс дей отырып, оның, әсіресе, қазақ әдебиетіне өте-мөте етене екендігін айтамыз. Қалай дегенмен де, қазақ жерінде өнердің музыка, сәулет, сурет, мүсін сияқты түрлеріне қарағанда, сөз өнері ерекше дамығаны белгілі. Сондықтан да қоғамдағы әр түрлі саяси болсын, қоғамдық болсын, философиялық болсын, ойларды бейнелеуде қазақ сөз өнері қашан да өзге өнер түрлерінен үздік әрі озық болып келді. Бұл арада басқа өнер түрлеріне қарағанда, сөз өнерінің өзіндік ерекшелігін де айырықша атап отуға боларлық. Ол жөнінде Ахмет Байтұрсынұлы өнер түрлерінің әрқайсысына сипаттама бере келіп: «Қандай сәулетті сарай болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын — сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» - деген болатын /1, 7/. Ал, әдебиет теоретигі В.Е.Хализев әдебиеттің өзге өнер түрлерінен ерекшелігін оның сөз арқылы жасалатындығымен байланыстырып: «Сөз — адам санасы мен қарым-қатынасының басты формасы» екендігін келтіріп, сөз өнерінің айырықша ролін атап өтеді /2, 114/. Шынында да, көркемөнердің өзге түрлері дәл сөз өнері сияқты адамды, қоғам болмысын, оның өткені мен бүгінін мейлінше дәл, жете, жан-жақты бейнелей алмайды. Осыдан келіп, өнердің басқа түрлерімен салыстырғанда, сөз өнерінің жеке адамнан, оның ішкі әлемінен бастап жалпы әлеуметтің, сәттік уақыттан бастап үлкен тарихи кезеңдердің көркем кескінін жасай алатындығын және бір атап өтеміз.

Қоғамдық сананың басқа түрлеріне қарағанда, әдебиеттің ерекшелігі белгілі бір қоғамдық-әлеуметтік ортада өмір сүретін адам арқылы, оның көркем бейнесін жасау арқылы сол өзі суреттеген дәуірдің әлеуметтік-рухани келбетін танытады десек, онда әдебиет тікелей өмірдің өзін, ондағы қарым-қатынастарды емес, сол дәуірде қалыптасқан сананы, әлеумет пікірін зерделейді. Яғни, әдеби шығармаға арқау болатын тақырып, жазушының оны белгілі мақсатпен бейнелеуі (шығарма идеясы) сол қоғамдық сананың рухани-көркем игерілуінен барып жүзеге асады. Бұл тұрасында ірі ақындық дарын иесі, қазақтан шыққан тұңғыш

Ербол ТІЛЕПОВ,

«Руханият» орталығының директоры,
филология ғылымдарының кандидаты

жоғары білімді әдебиетші Мағжан Жұмабаев «Алқа» бағдарламасында: «Тұрмыс пен жаратылыс ақынға тек тиянақ. Осы тиянаққа таянып басып, осыны құрал қылып, көптің көргенін, көптің сезгенін жанап, бір топ қылып, сол топқа ақын өзінің түс беруге міндетті» деп дәл айтқан болатын /3,65/. Мағжан мұнда әлеуметтің ойын жинақтап, саралаудан өткізіп («көптің сезгенін жанап, бір топ қылып»), қаламгердің көркем бейнелеуге түсіретінін («ақын өзінің түс беруге») мезгеген.

Қоғамдық қарым-қатынастар, саяси оқиғалар, әлеуметтің жағдайы, елдің тұрмысы, шаруашылық деңгейі — қоғамның жалпы келбетін жасайды. Бұл — **базис**. Дәуірдің саяси, әлеуметтік жағдайы, қоғамдық қарым-қатынастар. Бір сөзбен айтқанда, **қоғамның болмысы - моделі**. Қоғамның жалпы келбеті, яғни оның осы базисы — әлеуметтің ой-санасын, қоғамдағы көзқарастардың жиынтығын, яғни **қоғамдық ойды** түзеді. Осы қоғамдық ой ауқымында алуан саяси, әлеуметтік, діни, философиялық ойлар, тенденциялар өмір сүреді. Жазушы қоғамның бір мүшесі болғандықтан, сол базистің ортасында өмір сүргендіктен, қоғамдық ойды қабылдаушы, түсінуші, ең бастысы — суреткер болғандықтан, оны қорытушы, көркемдік мазмұнға айналдырушы, көркемдік пішінге түсіруші ролінде болады. Сонда бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады: ең алдымен, **базис, қоғамның моделі**, содан кейін одан өрістейтін — **қоғамдық ой**, содан соң осы ойды бейнелеуші — **көркем әдебиет** болмақ.

Дін мен философия қоғамдық сананың түрлері ретінде сөз өнеріне жуық келеді. Сол себепті әдебиетте дін, философиялық ойлар мейлінше кең көрініс табады. Діни сана — имандылықты, ізгілікті құндылықтарды насихаттайтыны аян. Яғни, белгілі бір идеалды қағида, үлгі ретінде ұсынады. Мұндай ерекшелік әдебиетте де бар. Әрбірден соң кез-келген халық әдебиетінің, әйтеуір, бір дәуірінде діни әдебиет міндетті түрде басым бағыттардың бірі болады. Қазақ әдебиетінде діни-ағартушылық ағым, біздің ойымызша, шамамен 1830-40 жылдардан бастап 1910 жылдарға дейін кеңінен көрінді. Дін мен әдебиеттің сабақтастығы, діни идеялардың әдеби-көркем идеяларға



айналуы – небір озық шығармалар тудырды. Мәселен, Абай, Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығы. Қоғамның діни сауаттылығы, дінге қатысы, діни белгілері сол қоғамның санасында өмір сүреді. Әдебиет осыны бейнелейді. Ал, философияға келсек, бұл өзі – жалпы сөз өнерін ұстап тұратын ірі ұстындардың бірі. Адамды, жалпы өмірді тану, жаратылыс пен тіршіліктің мәніне үнілу, шындық пен ақиқатты іздеу, мейірім, парасат, парыз тағы да басқа құндылықтарды зерделеу – бәрі-баршасы философиямен бірге әдебиеттегі де басты тақырыптар қатарынан орын алады. Белгілі бір дәуірдің жоғарыда аталған құндылықтары жөнінде қалыптасқан ой-пікірлері болады, олар сол заманның қоғамдық санасының ажырамас, негізгі бөлігін құрайды. Қоғамның діни санасы жөнінде де дәл осылай айтуға болады. Жалпы, қоғамдық сананы қалыптастыратын жағдаяттардың баршасы сол қоғам мүшелерінің пікірін қалыптастырады десек, онда өзге қоғам мүшелеріне қарағанда, қаламгерлердің пікірі ерекше белсенділігімен әрі айырықша тереңдігімен, сондай-ақ айналадағы құбылыстар мен оқиғаларға рухани баға беруімен ерекшеленеді. Аханның, Ахмет Байтұрсынұлының: «Елде жоқ рух – ақын сөзіне қайдан келсін?» деуі /1/, Абдолла Байтасов пен Даниял Ысқақов 1920 жылдардың ортасындағы әдеби айтысқа үн қосқан «Көркем әдебиет туралы» мақаласында: «Әр заманда бір үстем пікір (идея), үстем ұран шығады. Әрине, оны ешкім ойлап шығармайды. Тұрмыс туғызады», – деп жазуы /4, 52/ қоғамдық сананың сөз өнеріне деген ықпалын анық аңғартса керек.

Қоғамдық сананы қалыптастыратын рухани-философиялық түсініктердің жиынтығы, атап айтқанда, әлеуметтің өмір мен қоғам жөніндегі ой-түсініктері бірте-бірте сол кезеңнің шығармаларында бейнеленеді. Яғни, қаламгерлерге, ең алдымен, өз дәуірінің рухани-философиялық, қоғамдық-әлеуметтік ойлары ықпал етпек. Сол қоғамда өмір сүріп отырған қаламгер сол кезеңнің саяси, қоғамдық, этикалық, эстетикалық, философиялық тенденцияларын жақсы ұғынып, сезініп, оларды саралайды. Ол қоғамдық ойлар мен концепциялар кезеңнің ағымдағы әдеби үдерісіне шешуші ықпал етпек. Оны *дәуірдің рухы*, *дәуірдің рухани келбеті*, *дәуірдің көңіл-күйі* деген ұғымдармен белгілесе болады.

Дәуірдің осындай рухы көркем шығарманың тақырыптық-идеялық бағдарын айқындамақ. Ал, тақырып пен идея, яғни не жөнінде айту, оны қалай айту – осы айтқаныңды қандай жолмен беруді, яғни шығарманың формасын анықтайды. Шығарманың осы формалық қалыбына оның жанры, стилі, композициясы енеді. Әр кезеңнің рухани-философиялық түсінігі белгілі бір уақыт ауқымында өзінше, дербес көрініп, сол дәуірдің әдебиетінің қандай болмағын айқындайды. Дәуірлердің алмасуы әдебиетті қашан да жаңа ізденістерге апарып, сонысымен ілгерілетіп оған жаңа идея, жаңа форма

дарыта бермек. Осыларды қаперге ала отырып, әрбір кезеңнің әлгіндей рухани-философиялық түсінігін, өз сөзімізбен айтсақ, дәуірдің рухын тану арқылы біз сөз өнерінің даму арналарының табиғатын жете һәм терең түсіне алмақпыз. Мәселен, жыраулар поэзиясы тұсындағы дәуірдің рухы – *елдік-жауынгерлік рух*, зар заман әдебиеті тұсында – *отаршылдыққа қарсылықты рух*, Абай тұсында – *сана рухы*, Алаш тұсында – *еркіндік рухы*, кеңестік заманда – *коммунистік рух*. Бұл – жалпы түсінік, шолғыншы ұғым. Осы ұғым-түсініктердің әрқайсысы жөнінде жеке-жеке тоқталып көрейік.

Қазақ тарихына «хандық дәуір», ал әдебиет тарихына «жыраулар поэзиясы» делінген атаумен енген ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы әдеби-мәдени үдеріс өзінің алдындағы және өзінен кейінгі кезеңдерден түбірлі айырмашылықтармен ерекшеленетіні қай-қайсысымызға да белгілі. Дәуірдің осындай төл белгілерінің бірі – қоғамдағы сөз өнері мен шығармашылық иесінің орны мен мәртебесіне де тікелей қатысты. Зерттеуші ғалым, көрнекті қаламгер М.Мағауин жыраулардың таза шығармашылық иесі ғана емес, мемлекет қайраткері, философ, қолбасшы болғандықтарын жаң-жақты дәлелдеп берген болатын /5/. Классикалық көшпенді өмірдің үлгісі болған хандық дәуірде әдеби шығарма тудыратын тұлғалар, яғни жыраулар таза шығармашылық иесі болмаған. Олардың қоғамдағы мәртебесі халықтың бірлігін сақтаумен, мемлекетті нығайтумен, ел билеушілеріне жөн айтумен тығыз байланысты болатын. Сондықтан, олардың қоғамдағы орны, негізінен алғанда, жыраулығымен емес, қайраткерлігіне байланысты еді. Осы реттен келгенде, жырау қазіргі көзқарастағы шығармашылық иесі, ақын, жазушы, көсемсөзші, суретші, сазгер сияқты мамандықтың болмаса кәсіптің емес, мемлекеттік мәселелерді шешуші орында болатын. Бұл кезеңде қаламгерлік кәсіп емес, мемлекетке, халыққа қызмет етуші болатын. Жыраудың осы қоғамдық мәртебесі оның өмірге, жалпы халыққа, жеке адамдарға деген қарым-қатынасын қалыптастырды. Осындай қатынас, әлбетте, олар тудырған әдеби туындылардан барынша көрініс тауып жатты. Біз жыраулар поэзиясының идеялық-тақырыптық мазмұны мен бағытын айтқанда, осы мәселеге мықтап көңіл бөлгеніміз абзал. Жыраулардың елшіл-мемлекетшіл тұлғасы әдебиеттің де эстетикалық мазмұнын қалыптастырды. Сондықтан, жыраулар поэзиясы тұсындағы әдеби дәуірдің ең басты, негізгі рухы – *елдік-жауынгерлік рух* болды. Осы елдік-жауынгерлік рух жыраулар поэзиясының әдеби-көркем лексикасын, стилін қалыптастырды. Осы кезде туған толғауларға көтеріңкі стиль тән.

ХІХ ғасырдың бірінші жартысында қазақ қоғамының рухани келбеті өзгеріске түсе бастады. Хандық дәуірдің орнына отаршылдықтың келуі, одан өрбитін өзгерістер – қоғамдық санаға ерекше ықпал етіп, ол әдебиеттен



соған сай көрінісін тауып жатты. Жыраулар тұсындағы елдік-жауынгерлік рухтын орнына отаршыл үкіметтің саясатына қарсы *отаршылдыққа қарсылықты рух* қалыптаса бастады. Оның басты үлгілері Дулат, Шортанбай, Мұрат, т.б. өлең-толғауларында кеңінен көрінгені бұрыннан белгілі.

Отаршылдықпен бірге орыстың, батыстың оқу-білімінің қазақ даласына келе бастауы — ағартушылық идеяларды қалыптастырды. Орыстың оқу-білімін үлгі-өнеге еткен тұлғалар шыға бастады. Оның алғашқысы — оқымысты Шокан болса, Ыбырай орыстың білімін қазақ даласына таратушы алғашқы педагог-жазушы болғаны, ал, Абай заманның райын байқап, дәуірдің бет-бағдарын болжай келе орыс білімінің артықшылығы жөнінде ойлар айтқаны белгілі. Осы кезеңдегі әдебиетте ағартушылық рационализмнің нәтижесі ретінде *сана рухы* үстем бола бастады. Сондай-ақ, сөз өнеріндегі сана рухын діни-ағартушылық әдебиеттің өкілдері де тереңдете түсті. Ақмолда Мұхамедиярұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Мәделіқожа Жүсіпқожаұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Әбубәкір Кердері, Молда Мұса, тағы басқалар шығармаларындағы діни-ағартушылық ойлар осы дәуір әдебиетінің басты тенденцияларының бірі болды.

XX ғасырдың басы қазақ қоғамында Ұлт-азаттық қозғалыс кезеңі болғаны белгілі. Біз бұл арада Ұлт-азаттық қозғалыс ұғымының ауқымына тек саяси-қоғамдық мәселелерді ғана емес, сонымен бірге қозғалыстың мәдени-рухани құбылыс болғандығын да енгіземіз. Қазақ қоғамының ояну кезеңі болған бұл жылдарда азаттық идеялары, адам бостандығы мен құқығы, әйел теңдігі мәселелерінің алдыңғы қатарға шыққандығын білеміз. Ахмет Байтұрсынұлының, Ғұмар Қараштың, Мұхамеджан Сералиннің, Міржақып Дулатовтың, Спандияр Кобеевтің, Мағжан Жұмабаевтың, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың, т.б. шығармаларындағы азаттық идеялары дәуірдің әдеби келбетін айқындады. Алаш ұранды әдебиет сол заманның *еркіндік рухынан* бастау алып, өрістеп жатты.

Төңкеріс нәтижесінде билік басына большевиктердің келуі, барлық салада катал коммунистік режимнің орнауы — жалпы көркемөнерге, оның ішінде, әсіресе әдебиетке тікелей ықпал етті. Социалистік реализмнің совет әдебиетінің бірден-бір көркемдік тәсілі ретінде табылуы мен таңылуы әдеби шығармаларды идеологияның нәтижесі, әрі осы нәтижеден туған саясаттың қаруы етті. Әдебиетті майдан, көркем шығарманы коммунистік идеялардың трафареті, жазушыны партия жауынгері ету белең алды. Барлық қоғам партияның уысына, коммунистік идеологияның құшағына енді. Сөйтіп, қоғамдық ойда *коммунистік рух* үстемдікке ие болды. Осы коммунистік рух советтік дәуірдегі қазақ әдебиетінің басты бағытын, негізгі жүрер жолын белгілеп берді.

Қоғамдық сананың өзгеруі — әдеби дәуірлердің алмасу, пайда болу, қалыптасу межелерін айқындайды. Әдеби дәуірлердің өзара алмасуы дегеніміз — түптеп келгенде, көркемдік жүйелердің ауысуы. Сондықтан, біз әдебиет тарихын дәуірлегенде осындай көркемдік жүйелердің сипатын тануымыз қажет. Ең алдымен, көркемдік жүйеге қандай компоненттер енеді деген мәселені шешіп алу қажеттілігі туындайды. Біздің ойымызша, жүйе құраушы компоненттерге: дәуірдің рухани-философиялық таным-түсінігі, содан өрістейтін әдеби-көркем тенденциялар, сонымен бірге дәуірдің моральдік-этикалық климаты, басты әдеби кейіпкерлер жүйесі, әдеби тілдің сол дәуірдегі басты ерекшеліктері, жанрлар жүйесі, шығарма композициясы, көркем стиль сияқты ерекшеліктер жатады.

Ешқандай жана дәуір бірден көркемдік жүйе жасап кете алмайды, бастапқыда барлығы да сол заманның көкейкесті мәселелерін жалаң, тіпті публицистикалық сипатта айтуға бейім тұрады. Бұл — табиғи құбылыс. Сондықтан, әрбір жана дәуір басталған тұста сол кезеңнің сипатын жасайтын шығармалар әсіре идеяшылдықпен ерекшеленеді. Бұл сол әдеби дәуірдің басында ерекше күшті тенденцияшылдықты қалыптастырады. Осы идеяшылдық бірден емес, біртіндеп барын қана көркемдікке бөленіп, бастапқы ұраншылдық бейнелі сипатқа ауыса бастайды да, сол кезеңнің көркемдік жүйелерін қалыптастырып, сонынан дәстүрге айналады. Алғашқыда тікелей айту, жалаң білдіру бұдан былай бейнелілік бітімге ие болады да, соған орай кейіпкерлер жүйесі, жанрлық-күрылымдық, стильдік қырлар дәуірге сай даралана бастайды. Оны мазмұнның көркем пішінге айналуы десе де болғандай, осы үдеріс қашанда шынайы көркем әдебиетті қалыптастырады. Бастапқыдағы саяси, қоғамдық, тәрбиелік, яғни әдебиеттің идеяшылдығы шынайы көркемөнерлік сипатқа қарай ойысады. Сөз өнері ұраншыл емес, ой мен сезімге әсер етуші, әдебиет жұмсайтын саяси қару емес, сананы жаңғыртушы функцияға ие болады да, әуелгі көркемөнерлік мазмұнға көшіп, айқын бедерленген саяси, тәрбиелік міндетке емес, өзінің әуелгі табиғи мақсатына — ізгілікті гуманистік мақсатқа бұрылмақ.

Дәуірдің мәдени санасында сол уақытқа тән сөз-бейнелер, образ-идеялар, ассоциациялар, кейіпкерлер, ұғымдар, символдар өмір сүреді. Олар алдыңғы дәуірлерден осы кезеңге ауысуы мүмкін, оларды дәстүрлі әдеби-рухани қабаттар дейік. Сонымен бірге сол кезеңнің тарихи-мәдени қалпы туғызған әдеби-рухани қабаттар болады. Бұларға қоса, осы кезеңде енді тамырын жайып, нышан-белгілерін көрсете бастаған, бірақ келесі дәуірде өркен жаятын әдеби-рухани қабаттың алғашқы жоба-нұсқалары болады. Осыларды өз шығармаларына пайдалану ретіне қарай біз шығармашылық иелерін дәстүрлі, жаңашыл деп ажыратамыз. Дәстүрлі акындар



оны толықтырады, жетілдіреді. Ал, жанашыл суреткерлер өз кезеңінің мәдени-рухани қабатын жасайды, сондай-ақ бұлардың шығармаларында келесі кезеңнің оқилдері тұғыр етерлік тилдік-стильдік белгілер байқалады.

Әдеби-тарихи дәуірлі қалыптастыратын жүйекұраушы компоненттердің бастысы, біздің түсінуімізше, ілгеріде айтылған дәуірдің рухани-философиялық танымы, дәуірдің рухы. Дәуірдің осы рухы жалпы қоғамдық сананың, оның бір бөлшегі болып табылатын әдеби-көркем сананың ұйытқысы болмақ. Сондықтан, біз дәуірлеу мәселесінде дәуірдің рухын жасайтын философиялық-танымдық концепциялардың табиғатын барлауымыз қажет. Дәуірдің рухында сол заманның рухани-философиялық, тарихи танымы жатады. Осы таным ағымдағы әдеби үдерісті қалыптастырады. Себебі, сол дәуірде өмір сүрген кез-келген қаламгер сол рухты сезінеді, дәуірдің рухани-философиялық мәселелері оны толғандырып, шығармашылық тебіреніске түсіреді. Шығармашылық тебіреніс — қандай да болмасын шығармашылықтың бастауы, қаламгерді белсенді шығармашылық әрекетіне бастайтын қайнары. Бұл жөнінде кемеңгер Абай:

*Тәңірінің күні жарқырап,
Үйқыдан көңіл ишар көз.
Қуатты ойдан бас құрап,
Еркеленіп шығар сөз.*

*Сонда ақын белін буынып,
Алды-артына қаранар.
Дүние кірін жуынып,*

Көрініп ойға сөз салар / 6 , 6/,—деп,

шығармашылық тебіреніс үстіндегі ақынның бейнесін дәл әрі көркем бейнелейді.

Дәуірдің рухын, ең алдымен, сезінетін өнер адамдары, оның ішінде, әсіресе, сөз өнері иелері. Өнердің, әдебиеттің болмысында заманның райын жедел сезінетін, оған бірден реакция жасайтын, сөйтіп қалам иесін шығармашылық тебіреніске түсіретін қасиеттің бар екендігі жөнінде ғылымда айтылып келеді. Мәселен, орыс философы М.С.Каган өнер: «дискурсивті емес, интуитивті таным болғандықтан, ол көптеген материалдарды талдау мен жинақтауға құрылған ғылыми-теориялық ойлаудың қашанда алдында тұрады», — дейді /7, 396/. Өйткені, суреткер адамға, қоғамға, әлеуметке бейжай емес, жанашыр жүрекпен, адами тілекпен қарайды. Ол қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың құпиясына, адамның пейіл-тілегіне, олардың қатпарлы тылсымдарына, сыр тұнған қойнауларына үңіледі. Сондай-ақ, өткенді таразылайды, келешекке ой тастайды. Осыдан барып, суреткердің алғыр ойы, терен пікірі кеше — бүгін — ертең араларына көпір салып, жаратылыстың, заманның рухани дидарын сомдайды. Қоғам рухының, ең алдымен, сөз өнері иелері арқылы сезілуі, жарыкқа шығуының корнекті мысалдары казак әдебиетінің та-

рихында да баршылық. Мәселен, XVIII ғасырда туған болжалдық өлеңдер жөнінде айтсақ та жеткілікті.

Әдебиет тарихын толық тануда, оның дәуірлерін ме-желеуде замана рухы немесе дәуір рухы категориясының ерекше маңызды скендігіне, ең алдымен, адамға әлеуметтік немесе қоғамдық тип қана емес, сонымен бірге ой-санасы арқылы өзін қоршаған орта жөнінде түсінік жинақтаушы — белгілі идея ауқымында әрскет етуші тұлға ретінде қарайтын болсақ, онда адам, жай ғана адам емес, шығармашылық иесі со. қоғамның басты рухани танымын іске асырушы бо-лып табылады. Сондықтан, бұл тұста біз қаламгердің қоғамдық ойларды безбендеуші, қорытушы рөліне ерекше мән беруіміз керек. Әдеби дәуір — белгілі бір шығармалардың жиынтығынан құралады десек, онда осы көркем дүниелерді тудырған қаламгер болмысы, оның философиялық аңсары, рухани танымы мәселесі, әсте шет қалмауы тиіс. Бір дәуірдің ауқымында өмір сүрген қаламгерлердің шығармашылығының басын қосатын ортақ желі — олардың заманының ортақтығы ғана емес, ең бастысы — дәуірдің ортақ рухында жатыр. Сол рухты өзара ұқсас таным арқылы қабылдауларында жатыр. Сол себепті, дәуірдің рухы, осы рух қазанында қайнап жатқан рухани-философиялық таным қырлары — сол дәуірде өмір сүрген ақын-жазушылардың шығармашылық бағытын, суреткерлік бетін айқындайды. Заман тынысын сезінудегі, танудағы үндестікті аңғартады. Ал, олардың өзіндік ерекшелігіне келсек, онда дәуірдің ортақ рухын олардың дербес түсінуімен, оны қалай қабылдағанымен, қабылдай отырып, қалайша бейнелегенімен ұғындырылады. Мұнда суреткерлік по-зициядан өрістейтін әр қаламгердің көркемдік танымы, көзқарасы шешуші маңызға ие болады. Осы ойлардан өріс ала отырып, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде, жалпы әдебиет тарихын зерделегенде әдебиеттің мазмұны мен пішінін қалыптастыратын әрбір дәуірдің рухани-философиялық танымын, яғни замананың ру-хын тануды мақсат етуге тиіспіз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. Алматы: Атамұра, 2003.
2. Хализев В.Е. Теория литературы. Москва: Высшая школа, 2004.
3. «Алқа» айқындамасы // Д.Қамзабекұлы. Руханият. Алматы: Білім, 1997.
4. Байтасов А., Ысқаков Д. Көркем әдебиет туралы //Алаш ақиықтары. Мақалалар. Құжаттар. Аудармалар. Алматы: Алаш, 2006.
5. Мағауин М. Қобыз сарыны. Он үш томдық шығар-малар жинағы. 8-том. Алматы: Қағанат, 2002.
6. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы: Жазушы, 2005.
7. Каган М.С. Философия культуры. Санкт-Петер-бург, 1996.

Т. ТЕБЕГЕНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АВТОР МЕН АДРЕСАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жалпы сөз өнері – өзінің тектік табиғаты бойынша диалогты. Тектік табиғатындағы бұл модель әдеби шығармашылықтың туу процесінде орын алып, көркем шығарманың табиғатына да үлгі болады. Сөз өнерінің дискурсы оның танымдық, эстетикалық, коммуникативтік қасиеттерімен айқындалады. Әдебиеттің барлық тектері мен түрлеріне танымдық, таңбалық, эстетикалық, коммуникативтік қасиеттер тән. Көркем шығарманы дүниеге әкелуші автор болса, оның диалектикалық бірлігі, екінші жартысының қабылдаушы тарапы болатыны ақиқат. Көркем шығарманың осы диалогтық қасиеті тек коммуникативтік қырымен шектелмейді, танымдық, таңбалық, эстетикалық қырлары да диалогты немесе көркем шығарма – полилогты құбылыс десек болады. Қазақ әдебиеттану ғылымында арнайы зерттелмей келе жатқан арна – көркем шығарманың, әдебиеттің табиғатын, болмысын, қызметін зерттеу болса, оның негізін құрайтын автор мен адресат мәселесі де түбегейлі зерттелді деп айта алмасақ керек. Әдебиетіміздің негізін құраған поэзиялық шығармалардағы автор мен адресат мәселесін теориялық тұрғыда мол дайындықпен барып, алғаш зерттеген ғалымдардың бірі – ғалым Темірхан Тебегенов. «Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі» атты монографиялық еңбегінде ғалым: «Әдебиет шығармаларындағы маңызды мәселелердің бірі – айтушы, туындыны жасаушы (автор) мен қабылдаушының (адресат) араларындағы байланыс. Бұл – әдебиеттік коммуникациялық қызмет» [1. 124-б], – деп әдебиеттің табиғатына, болмысына байланысты туындайтын мәселені дұрыс көре біліп, әдебиеттанудың зерттеуі керек көкейкесті мәселелері екендігін аңғартады.

Т. Тебегеновтың аталмыш монографиясы тек автор мен адресат мәселесін ғана қарастырмайды, ғалым еңбектің екінші тарауын «Авторлық – әдеби процесс өзегі» атап, «Әдеби процесс – авторлық тұлға», «Авторлық психологиялық уақыт және көркемдік таным», «Авторлық және адресат» сынды тақырыптардағы күрделі теориялық мәселелерге еркін барады.

Көркем әдебиетіміздің негізгі арқауы болған поэзия жанрының тууы мен қалыптасуы, оның фольклор стилі мен фольклор жанрларымен байланысы, орта ғасырлардағы қалыптасқан авторлық түркі поэзиясының жалғасы бола білген жыраулар поэзиясы, жыраулар поэзиясының артын ала туындаған ақындық поэзиясының негізінде автор категориясының тууы және қалыптасуы, жетілу және даму эволюцияларын анық көре біліп, поэзиялық материалдарды талдай отырып, дәлелдейді.

Н. КЕНЖЕҒАРАЕВ,
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
«Абайтану» ғылыми-зерттеу орталығының
жетекші ғылыми қызметкері, Ф.ғ.к.

Қазақ поэзиясы – төлтума ерекшелігі мол поэзия. Оған оның қалыптасуы және өсу тарихы дәлел. Шынайы поэзия қоғамда адамның тұлғалық, жекелік рөлінің өсуімен, қалыптасуымен шындалатынын, көрінетінін поэзия теориясы мен тарихын зерттеген ғалымдар айтып кеткен.

Ғалым Т.Тебегеновтың зерттеуі өте дұрыс теориялық методологияға құрылған «Автор және адресат» деп мақала тақырыбын бөліп алып қарастырғанымызбен, автордың адресатпен қарым-қатынасын, байланысын зерттемес, айтпас бұрын, алдымен автордың тууы, қалыптасуы, даму жолдарын айқындап алу қажеттігі туындайды емес пе? Қазақ поэзиясындағы авторлықтың тууы, қалыптасуы, дамып-жетілуі жолдарын, көркем шығарманың дискурсының теориясын зерттеген айтуды ғалымдардың еңбектерін басшылыққа ала отырып, автор теориясы шеңберінде әдеби процесс пен авторлық тұлғаның арасындағы қарым-қатынасты, поэзиядағы авторлықтың қалыптасуы, авторлық тұлға, шығармада автордың көріністері, авторлық «мен», лирикалық қаһарман, лирикалық «мен», кейіпкер, автор бейнесі сынды әлі күнге дейін қазақ әдебиеттануында толық зерттеле қоймаған мәселелерге барып, жүзіліп алдау жасауға талаптанады.

Автор теориясын теоретикалық поэтика тұрғысынан зерттегеннен кейін барып, әлеуметтік қызметке түскен автордың туындысы мәтін арқылы байланысқан адресат мәселесін сөз етуі өте орынды. Зерттеуші Т.Тебегенов өзінің талдауларының методологиясы етіп, атақты орыс ғалымы М.М.Бахтиннің «теориялық әлеуметтік поэтикасының» әдістерін басшылыққа алады. Әлеуметтік қызметке түскен мәтіннің, мәтін арқылы байланысқа түскен автор мен қабылдаушының арақатынасының, өзара байланысының механизмдерін қазақ поэзиясының тарихынан, нақтырақ айтсақ XV-XX ғасырлар аралығындағы елең өнерінің майталмандарының шығармашылығын талдау арқылы көз жеткізуге, айқындауға тырысады.

Ғалымның пайдаланған «адресат» термині жөнінде әдебиеттану ғылымында әр алуан көзқарастар бар. В.Прозоров көркем шығарманы оқу арқылы қабылдаушыны оқушы – тұтынушы, ал автордың

танымдағы, ойындағы, қиялындағы, елестегі қабылдаушыны оқушы – адресат ұғымында қарастырады. [2, 31-б.]. Кез-келген әдеби шығарма, әдеби тектің қай түрінен болмасын, автордың санасындағы өнерді тұтынушы – қабылдаушыға арналғанымен, автордың үнемі ой-қиялында, жүрек қатпарында жататын квазикабылдаушы не қабылдаушы-адресатқа негізделеді. Адресат ұғымын Ю.Лотман ақпаратты, хабарды алушы, адресант ұғымын хабарды, ақпаратты жіберуші деп түсіндіреді [3, 15-б.]. Автор үшін реалды, не тура оқушының кедір-бұдыры көп болса, оқушы – адресат мінсіз, барлығын түсінуші, білуші, толыққанды, кемел, өзін үнемі жетілдіріп отырушы, жан-жақты білімді. Реалды – бір адамның бойынан кездесе бермейтін қасиеттер мен құндылықтардың, қабілеттердің жиынтық бейнесі. Ғалымның өте дұрыс атап көрсететініндей, автор бейнесі мен категориясы реалды-биографиялық автордан қандай өзгеше болса, оқушы – адресат бейнесі оқушы –тұтынушыдан соншалықты өзгеше.

Т.Тебегеновтың қабылдаушы категориясын «адресат» термині тұрғысында қарастыруы түсінікті болғанымен, рецепті эстетика саласындағы еңбектерде «адресат» ұғымы іштей таралып кетеді. Дегенмен, «адресат» ұғымында шығарма бағышталған объектіні ұғынсақ керек. Шығарма бағышталған, арналған, шығармашылық процесс кезінде кез алдында тұратын, авторға идеялық-эстетикалық, жанрлық-композициялық, стилдік деңгейде «қолғабыс», «сотворчество» жасайтын категория бар екені даусыз, сондай-ақ шығарманы есту, көру, оқу арқылы қабылдаған категория «реципиент» деп аталып жүр. Бұл термин автор санасындағы, шығарма бағышталған объекті мен нақты шығарманы қабылдаған объектінің ара-жігін ажыратып алу үшін қажет. «Адресат», «реципиент» терминдері көркем шығарманың диалогтық қасиетіне байланысты айтылған терминдер болғанымен, спецификалық өзгешеліктері бар терминдер болып саналады.

«Адресат» терминінің тарлығын сезінген ғалым Т.Тебегенов адресат ұғымының терең қалтарысына сұңғи отырып, соны көзқарастар ұсынады: «ақындар шығармаларындағы адресаттық нысандар (тыңдаушылар, оқырмандар) – уақыт пен кеңістік аясында сол кезеңнің және келер күндердің, болашақтың кең өрісін қамтиды. Әрине, адресаттық нысан – автордың қиялымен жасалатын көркем бейне, тұлға. Себебі, автордың шығармасындағы ойдың мәнін, эстетикалық қуатын өз кезеңіндегі айналасын қоршаған ортасы түсінбеуі мүмкін. Сондықтан, ақын өз тыңдаушысын, оқырманын қиялымен жасап алады, сол өзінің танымымен үндес, деңгейлес пікірлестермен рухани тұрғыда сырласады. Бұл – ақындық өнердің лирикалық-психологиялық табиғатына тән қасиет» [1, 120-б.]. Ғалымның «адресаттық нысан» деп «ішкі адресатты» көрсетуі, автор-қабылдаушы диалогының табиғатын тануға жасалған қадам деп бағалануы тиіс.

Автор – қабылдаушы диалогын, поэзияның дискурстық, диалогтық табиғатын зерттеп жүрген зерттеушінің алдынан кесе-көлденең шығатын мәселе – қазақ поэзиясының тарихындағы, әсіресе «XV-XX ғасырдың бас кезіндегі тыңдаушы, қабылдаушының

реакциясын, бағалауын, әсерін, түсініп-түсінбегенін, идеялық-эстетикалық тағылымын қалай біле аламыз, ол кезеңдердегі тыңдаушы – қабылдаушыдан қалған жазба деректер жоқ қой», – деген заңды сұраққа қазақ поэзиясының спецификалық ерекшелігін зерттеген ғалым ретінде өз ойын былай жеткізеді: «Ақындар өздеріндегі ойлардың көркемдік шығармалары арқылы тыңдаушыларына (адресатқа) жеткенде қандай әсерлер туындайтынын да болжай, сене жырлаған» [1, 125-б.]. Ғалым Т.Тебегеновтың бұл ойлары автор мен оқырман қарым-қатынасына байланысты жазылған М.В.Строгановтың «Автор – герой – читатель и проблемы жанра» атты еңбегіндегі сөздің, сөз өнерінің таңбалық, коммуникативтік қызметіне сәйкес, көркем шығарманың да коммуникативтік, диалогтық аспектілерді өзінің бойына сіңіріп отыратын қасиеттерімен, «мәтіншілік» байланыстарға жататын автордың тыңдаушы-қабылдаушы санасын, реакциясын, эмоциясын алдын-ала көре білуі, болжап отыруы, не олардың реакциясына жауап ретінде тіл қатып отыруының орын алуы – бұл автор – қабылдаушы диалогынан туындайтын творчестволық акт деген көзқарастарымен үндесін жатыр [4, 58-б.].

Зерттеуші Т.Тебегенов автор және адресат категорияларынан, әлеуметтік қызметке түскен мәтіннен автор бейнесі және тыңдаушы бейнесі категорияларының туындайтынын, автор бейнесі, автор тұлғасы ұлттық әдебиеттің эстетикалық табиғатының көрініс екендігін айқындайды: «Авторлық «Мен» өмір шындығын өзіндік танымға негіздеп, көркемдікпен қабылдаудың жолын қалыптастырды. Қазақ ақын-жырауларының лирикалық шығармаларын тыңдап, оларды жаттап өсіп – қалыптасқан ұрпақтардың өмір бойы саналарында сақталатыны – шығарма авторының тұлғасы. Бұл арада туындыгер – шығармагер (ақын-жырау) мен тыңдаушылар – қабылдаушылар араларындағы психологиялық байланыс айқындалады» [1, 59-б.].

Жыраулардың авторлық сипатын, бейнесін анықтап танып, саралауда ғалым: «Шынында да, бұл құбылыс ұлттық әдебиетіміздегі тұлғалардың қоғамдық-әлеуметтік оқиғаларда жетекшілік қалпында танылған кезінде ерекше байқалды. Яғни, поэзиялық шығармалардың сол туындылардың авторларымен меншіктеліп аталуы Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетіміздің даму мазмұнында айқындалды Асанқайғы, Шалқияз, Қазтуған, Марғасқа, Доспамбет жыраулардың толғауларындағы авторлық көңіл-күй, дүниетаным, өмір құбылыстарының объективті шындықтарын субъективті көзқараспен, лирикалық толғаныстармен жырлаудың жеке адамдық дүниетаным өрісіндегі шеңбері байқалады.

Бұл жыраулардың авторлық шығармагерліктерінің нәтижесінде мынадай мәселелер сараланады:

- толғауларының азаматтық, саяси-идеологиялық мазмұнының айқындылығы;
- толғаулардың Қазақ хандығында болған тарихи оқиғалардың деректілігіне негіз болатындығы;
- толғаулардың мазмұнынан авторлардың мемлекетіндегі тарихи орнының айқындалатыны.

Демек, автордың бейнесі – өмір шындығын өзінің шығармасына арқау ету барысында аңғарылатын,

жинақтала сомдалатын шығарма иесінің эстетикалық танымдық деңгейін, көзқарастар әлемін, шығармагерлік, қайраткерлік, азаматтық келбетін танығатын көркемдік ерекшелік» [1, 48-б.], – деген теориялық біліктілікпен қорланған қорытынды жасайды.

Көркем коммуникацияның ауызшадан жазбашаға көшпелі кезеңінде, көшпелі синкретті формалар өмір сүргендігі анық. Көркем шығарманың тууы, жарыққа шығуы, құрылымдық мазмұнында түрлі қырларынан көрінетін автор бейнесімен қатар шығарманы орындауда, қабылдауда, түсінуде кең тынысымен түрленетін тыңдаушы бейнесі – әдебиеттің мәнін, мақсатын, қызметін зерттеуде, билуде маңызды рөл атқаратын категориялар.

Контакттілі, хроноактілі туған поэзия болғандықтан, ақынмен жүзбе-жүз отырған тыңдаушының эмоциясы авторға беріліп, «мотор экспрессиясы» әдеби процесс кезінде сұхбаттастықтың орын алуына ықпал етеді.

«Ақын – фәнилік жалған дүниенің жалынды жыршысы. Алуан құбылыстардан, қайшылықтардан құралған тіршіліктің сан жетпейтін бояуларын, қимыл-қозғалыстарын өзінің суреткерлік дүниетанымы шеңберінде бағалап жырлайды. Ақын сезімінің сапырылысқан аласапыран күіндегі ішкі қимыл-қозғалыстары жан-жүйелік болмысын, көңіл кеңістігін шарлағанда өзімен-өзі тілдеседі. Өзінің көңіліне, тіліне, көзіне қарата сөз арнауында ақындық-авторлық дүниетанымның әдебиеттік-эстетикалық шынайылығы анықталады» [1, 111-б.], – деп зерттеуші қазақ ақындарының бойындағы лиризмнің қалыптасуын, олардың аутокоммуникациялық өлеңдерінен тануды назарға ұсынады.

Профессор Т. Тебегенов – автор-қабылдаушы диалогін жүйелі түрде зерттеп жүрген ғалым. Оның қаламынан осы тақырыпқа арналған бірнеше мақалалар туындады [5, 6.]. Дегенмен, қазақ әдебиеті, оның негізгі саласы болып саналған поэзия жанрын дискустық, диалогтық, жалпылай айтқанда, коммуникативтік тұрғыда, теоретикалық, әлеуметтік, тарихи поэтикалар тұрғысынан зерттеу межесіне жетті деген ой тумаса керек. Т. Тебегенов өз зерттеулерінде аталмыш тақырыпта соқпақ жол салып берген ғалым ретінде, кейінгі жас зерттеушілерді әдебиеттануымыздың соны бір арнасына шақырып тұрғандай әсер қалдырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001. – 332-б.
2. Прозоров В.В. Читатель и литературный процесс. – Саратов: изд. Саратовского университета, 1975. – 211 с.
3. Лотман Ю.М. Структура художественного текста. – Москва: Искусство, 1970 – 384 с.
4. Строганов М.В. Автор – герой – читатель и проблема жанра. – Калинин: КГУ, 1989. – 89 с.
5. Тебегенов Т. Авторлық және адресат // Қазақ тілі мен әдебиеті. №9, 2001. –26-31-бб.
6. Тебегенов Т. Махамбет өлеңдеріндегі автопортрет пен адресат байланыстарының психологиялық ерекшеліктері // Махамбет Өтемісұлының шығармашылығы және қазақ әдебиеті мәселелері. – Алматы: АМУ, 2003. –78-82-бб.

ЛОПЕ ДЕ ВЕГА – ИСПАН ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРНЕКТІ ӨКІЛІ

Қайта өрлеу дәуіріндегі испан реалистік театрының жоғары даму сатысына көтерілуі драмашы Лопе де Вега шығармашылығымен тығыз байланысты.

Лопе Фелис де Вега Карньо 1562 жылы қараша айының 25-жұлдызында Мадрид қаласындағы қолөнерші отбасында туады. Әкесі Фелис де Вега жұмыс іздеп Кастилияға келген Астура шаруаларының бірі болатын. Жасөспірім 1573 жылы иезуиттер мектебінде, кейін Алькала де Энараси университетінде білім алады. 1576 жылы әкесі қайтыс болған соң, оқуды тастауға мәжбүр болады. Осы дәуірдің бай, дәулетті адамдарының

қолында хатшылық қызмет атқарады. Ол жастайынан өлең жазу талантын байқайды. 1588 жылы атақты суретшінің қызы Изабел де Урбинаға үйленеді. Осы жылы Лопе де Вега «Жеңілмейтін Армада» флотының Англия жағалауына жасаған жорықтарына қатардағы

Жоламан ҚОБЫЛАНОВ,

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің доценти

әскер ретінде қатысады. Жас ақын кеме палубасында «Анжеликаның сұлулығы» (1588) поэмасын жазады. Жеңіліспен аяқталған бұл жорықтан оралған соң бірнеше жыл (1589-1593) Валенсияда жасайды, кейін Кастилияда, Мадридте тұрады. Осы уақыттан бастап ол жаңаша рухта жазылған комедияларымен испан ұлттық драмасының қалыптасуына және дамуына негіз салады.

Лопе де Вега өте білімді жан болғандықтан, әр түрлі жанрларда өз талантын сынап көреді. Сонет, романс, ода, поэма, пастораллалар, хикая, роман және драмалық шығармалар жазады. Ол өзінің бір комедиясында жазған пьесаларының саны 1500 болғандығын ескертеді. Драмашы өлімінен соң, оның өмірбаянын құрастырған шәкірті Перес де Монтальван болса, Лопенің барлық пьесасы 1800 екендігін көрсетеді. Бұған қосымша тағы 400 діни мазмұндағы пьесалар жазғандығы белгілі. Жазушының осы уақытта табылған және жарияланған пьесаларының саны 500-ге жақын, соның 50-і - діни тақырыптағы пьесалар.

Асқан дарын иесі драматургия саласында үлкен даңққа бөленді. Өмір деректерін көп білуі оның тарихи, аңыздық және заманагей тақырыптарда түрлі пьесалар жазуына мүмкіндік берді.

Жазушының драматургия саласына қатысты ой-пікірлері «Комедия жазудағы жаңа өнер» (1609) атты өлеңмен жазылған туындысында анық баяндалған. Мұнда ол XVII ғасырдағы итальян классицист теорияшылары тарапынан белгіленген көп қағидаларға қарсы шығады.

Оның «Жаңа өнері» испан ұлттық драмасының негізгі қағидаларын белгілеп берді. Ол әрекет бірлігін сақтай отырып, әдебиеттің дамуына кедергі болатын орын және уақыт бірлігінен бас тартады. Өнерді шектеп қоятын антикалық әдебиет нормаларын формал түрде көшіріп алған итальян классицист теорияшыларының барлық әрекетті тек бір ғана қаһарман айналасына топтастыру сияқты принциптеріне қарсы шығып, ол ішкі бірлікке, шығармадағы негізгі мақсаттың толықтығына ерекше назар аударды. Пьесада бірнеше эпизод, яки сюжет желісі болуы мүмкін, бірақ олар басты мәселені шешуге жәрдем беруі тиіс деді.

Лопе де Вега және оның драмалық мектебін қолдаушылар пьесада дәл өмірдегі сияқты қайғы мен күлкіні араластыра суреттеу қажет екендігін көрсетті. Өз эстетикалық пікірлерінің шынайы мазмұнын белгілей отырып, Лопе комедияны «өмір айнасы» деп атады. Ол еркін шығармашылықпен айналысу үшін жазушы классицизм қағидаларына бағынбауы тиіс деді. Лопе «қайғыны қуанышты күлкімен» араластыра отырып, әрекет орнын өзгерту, уақыттан еркін пайдалану принципін де ұсынады.

«Маған комедия жазу керек болса, – дейді Лопе «Жаңа өнерде» – мен барлық қағидаларды үш құлыппен мықтап бекітемін де, өз бөлмеменнен Плавт пен Теренцийді шығарып жіберемін». Драмашының бұл

пікірлері заман талабы мен халық мүддесіне сай шынайы туындылар жазу тілегінен туындағаны сөзсіз. Ол пьесаның көлемі, көріністері туралы пікірлерінде оны 5 актіден 3 актіге дейін қысқартады. Шығармадағы тартыс, интриганың өткірлігі мен пьеса түйінінің шешілуі туралы да өз көзқарасын білдіреді. Оның драма туралы мұндай пікірлері классицизмді қолдаушылардың күшті қарсылығына ұшырайды. Бірақ, көп уақыт етпей, оның испан ұлттық драмасы туралы эстетикалық көзқарастары мен драмалық шығармалары үлкен даңққа бөленіп, антикалық және классицист жазушылардың туындыларын сахнадан ығыстырып шығарады.

Лопе де Веганың әдеби мұрасы өте бай. 1615 жылдың өзінде-ақ Сервантес оның шығармашылығына өте жоғары баға беріп, былай дейді: «Ол бүкіл комедияшыларды жеңді және өзіне бағындырды, көлемі он мың парақтан аса комедияларымен дүниені толтырды... Онымен сайысқа түскісі, даңқын бөліскісі келгендердің (ондаилар өте көп еді) барлығы жиналып, оның бір өзі жазған шығармалардың жартысын да жаза алмады».

Драматургтың пьеса композициясының ізшілдігі, диалог өнерін өзінен бұрын өмір сүрген жазушылардан үйренуі, орта ғасырдағы халық театры дәстүрлерінен пайдалануы нәтижесінде Қайта өрлеу дәуіріндегі көңілді мотивтерді беинелейтін шығармалар жазды. Лопе де Вега 1635 жылы қайтыс болды.

Лопе де Вега драматургиясы көлемі, тақырыбы жағынан кең болғандықтан, оны классификациялау қиынға соғады. Діни тақырыптардағы пьесалары мен бір опера либреттосын есепке алмағанда, Лопе шығармаларын негізінен үлкен үш топқа бөлуге болады. Олар – тарихи-қаһармандық, саяси-өлеуметтік және махаббат тақырыбындағы драмалар мен комедиялар. Драмашының бізге дейін жеткен шығармаларының басым көпшілігі (бір жүз елуден аса пьесасы) өткен тарихты, соның ішінде Испания тарихындағы маңызды оқиғаларды қамтиды. Мұндай пьесаларында мемлекет мәселесі мен ерлік тақырыбы басты орында тұрады.

Пьесаларда Испаниядағы ішкі қақтығыстар («Король Вамбаның өмірі мен өлімі» (1604), испан тайпаларының Рим билігіне қарсы көтерілістері («Жақсылыққа жақсылық» 1604), маврлармен күрес («Симанкастық бикеш») сияқты оқиғалар өз көрінісін тапқан.

Жазушының халықшылдық рухта жазған алғашқы шығармаларының бірі – «Король Вамбаның өмірі мен өлімі» пьесасы. Король Рецисундо (VII ғасыр) өлімінен соң, билік өкілдері таққа таласады. Драмашы олардың өзімшілдік, жауыздық ұмтылыстарына қарапайым шаруа Вамбаны қарсы қояды. Вамба үшін бейбіт өмір байлық пен биліктен қымбатырақ еді. Сондықтан, ол ауылдастарының ұсынған қыстақ ақсақалы міндетін де әрең қабылдайды. Таққа отыру туралы пікірлерге қосылмайды «Күн сияқты, таққа да алыстан қараға қолайлы ғой» дейді ол. Бірақ, король болып сайланған соң қарапайым шаруа Вамба атақ пен байлыққа бой

алдырмай, мемлекетті әділ басқаруға кіріседі. Озбыр байларды жазалайды. Испанияға қауіп тудырған арабтар шабуылына тойтарыс береді. Соңында сараидағы қастандықтың құрбаны болады. Отан мен тәуелсіздік жолындағы күрес, Испанияны арабтардан азат ету әрекеті Лопе де Веганың реконкиста тарихына арналған пьесаларында айқын бейнеленген. Осы драмаларында Лопе халық ертегілері мен тарихи хроникаларды пайдаланады «Симанкастық бикеш», «Дақты астурикалар» драмаларында жазушы реконкиста тарихы туралы хикаяларды сахналастырып, оларда отаншылдық рухты көтеріңкі суреттейді. Маврлар жаулап алған өлкелер жеңімпаздарға жыл сайын жас қыздарды салық ретінде беріп тұруы тиіс еді. Симанкастық жүз қыз мұндай зұлымдыққа төзбей, әке, ағаларының тағдырға бой ұсынып, барша испан қыздарының қорлық көруіне жол бергендігіне қарсы наразылық білдіреді. Өздерінің оң қолдарын кесіп тастайды. Осылайша халықты жауға қарсы күреске үндейді.

Мемлекет тәуелсіздігі үшін күресте халық мұңымен санасу керектігі идеясы «Граф Фернан Гонсалес, яки Кастилияның азат етілуі» (1625) драмасында өте айқын көрінген.

Фернан Гонсалес бастаған қосын мемлекетке басып кірген маврлар әскеріне тойтарыс береді. Шайқас алдында дұшпанмен келісім құрып, Кастилияға шабуыл жасаған Наварра королін де жеңеді. Граф қолынан қаза тапқан Наварра королінің қызы, Леон ханшасы Тереса айламен Гонсалесті қолға түсіріп, зынданға тастайды. Мұндай көңілсіз оқиғаны естіген Кастилия халқы өз қолбасшысына жәрдем беруге асығады. Гонсалеске ғашық болған Наварра аруы Санчаның көмегімен оны құтқарады. Азаттық алған Фернан Гонсалес дұшпанға қарсы күресін жалғастырып, Кастилияның тәуелсіздігіне қол жеткізеді. Драмашы бұл пьесасында халыққа сүйенген ел басшысы туралы тарихи аңыздар негізінде феодалдық алауыздықтарды қатты сынға алады, мемлекеттің бірлігі мен еркіндігі үшін күресуші және осы дәуірде «тәртіпсіздік ішіндегі тәртіп өкілі» болып көрінген орталықтандырылған монархиялық мемлекетті және оны әділдікпен басқаратын әмірші туралы халық арманын бейнелейді. Залым монарх орнына халықшыл монарх образын ұсыну сияқты жазушы дүниетанымындағы қайшылықтар XVII ғасыр жағдайында озбыр феодалдық жеке билікке қарсы өзіне тән наразылықпен араласып кетеді.

Ізгілік, ар-намыс үшін күрес, билеуші топтарды сынға алу «Периваньес және командор Оканьи», «Саламей алькальд», «Ең жақсы алькальд – король», «Севиль жұлдызы» драмаларының идеялық мазмұнын құрайды. Бірінші пьесада епті шаруа Периваньес пен серілік орденнің командоры Оканьи ортасында болған тартысты көрсетеді. Шаруаның ақылды, сұлу әйеліне «көзі түскен» командор қандай жолмен болса да, өзінің арам пиғылына жетуді ойлайды. Мұны сезген шаруаны

бір жағынан синьорға деген адалдығы, екінші жағынан өз отбасындағы адамгершілік борышы азапқа салады. Периваньес жоқ уақытта командор айла жасап, оның әйелінің алдына келеді. Тосаттан келіп қалған шаруа командорды өлтіреді.

Пьесада Периваньес пен Оканьи ортасында болған отбасылық қақтығыс шаруа мен дворян-ақсүйектер ортасындағы әлеуметтік тартысқа дейін көтеріледі.

«Саламей алькальд» (1610) драмасында ар-намысын қорғаушы және ақсүйектік зорлыққа қарсы күресуші шаруа образы бейнеленеді. Қыстақ тұрғыны Педро Креспоны Саламей соты (алькальд) етіп сайламақшы болады. Шаруа бұл мансапты ұнатпайды. Осы міндетті атқаруға мәжбүр болғанда, Педро барлық мәселені әділдікпен шешеді. Португалияға соғысқа келе жатқан әскерлер Педроның қыстағында бірнеше күн аялдайды. Ағайынды екі офицер – дон Диого мен дон Хуан соттың қыздары Инес пен Леонардаға үйленеміз деп жалған уәде беріп, намысын таптап, тастап кетеді. Сот Педро Креспо екі офицерді тұтқынға алады, отбасы намысына дақ түсірмеу үшін қыздарын олармен некелестіреді. Осыдан соң қылмыскерлерді жазаға тартып, өлтіреді. Осы оқиғаның үстіне кездейсоқ келіп қалған король Филипп II қыстақ сотының әділ үкімін мойындауға мәжбүр болады. Өйткені, бұл үкімде барлық еңбекші халықтың арман-тілегі жинақталған еді. Мұндай күшке қарсы шығу мүмкін емес болатын.

«Өз үйінде данышпан» пьесасында қарапайым шаруаның тұрмысы, кедейлігі мен ар тазалығы билеуші топ өкілдерінің менмендігіне қарсы қойылады. Шаруа Мендо адал еңбегімен бақытты өмір сүреді. Өмір рақатын мағынасыз карта ойынында деп түсінетін көршісі дворян дон Леонардо шаруаны менсінбейді. Бірақ, кедей Мендо отбасылық тұрмыста Леонардодан ақылды болып шығады. Дон Фернандо және дон Энрике есімді екі жеңілтек жігіт шаруаның әйелі Антона мен дворянның әйелі Элвираның назарын өздеріне қаратпақшы болады. Өз ерімен бақытты өмір сүріп жатқан Антона дереу сері жігіттің ұсынысынан бас тартады. Элвира болса, сері жігіттердің екіншісімен көңілдес болады. Дворян Леонардо бұл жағдайды сезген соң, шаруаның бақытты отбасылық өміріне қызғанышпен қарайды. Одан өнеге алу керектігін түсінеді. Сонымен, шаруа «өз үйінде данышпан» болып шығады. Леонардоның: «Уақытында жұмыстан қайтатын, отбасымен кеште бірге тамақтанатын және әйелінің жанында болатын шаруа бақытты ғой» деуі осыған байланысты еді.

Табиғи адал сезімге, салауатты, парасатты қарапайым кедей жандарға, шаруаларға деген құрмет Лопе де Веганың «Өз үйің – өлең төсегің» (1622), «Шаруа өз лашығында» (1617), «Басқалар назарында тентек, өз ісіне пысық» (1635) пьесаларында жарқын бейнеленген.

Лопе де Вега махаббат, отбасылық-тұрмыстық тақырыптарындағы комедияларында («Плащ пен сем-



серлер комедиясы» деп те аталады) махаббат еркіндігі және неке мәселелері көріністеріне ерекше көңіл бөледі. Жалпы, «Шалғындағы ит», «Ыдыс жуушы асыл текті әйел», «Күзе көтерген қыз», «Би мұғалімі» атты шығармаларында жазушы әр түрлі ескі әдет-ғұрыптарды, келеңсіз феодалдық дәстүрлерді сынға алады, адалдық, парасаттылық, адамгершілік қасиеттері мол жандарды дәріптейді.

Оның «Қой қайнары» («Фуэнте Овехуна», 1612-1613) пьесасы тарихи қаһармандық және саяси-әлеуметтік тақырыптағы драмаларының ішіндегі ең көрнектісі. Драмада баяндалатын негізгі пікір өз дәуірінің маңызды саяси мәселесі – залым байларға қарсы халықтың белсенді қарсылығын көрсету және күреске үндеуі болып табылады. Испан гуманистері сияқты Лопе де король өкіметінің мемлекет бірлігін нығайту үшін жүргізген ұмтылыстарына қарсылық көрсеткен феодалдардың әрекетіне сын көзбен қараиды. Жазушы драмада Фердинанд пен Изабелла билік жүргізген кезеңдегі оқиғаны суреттейді. Феодалдар озбырлығынан құтылу үшін шаруалардың қалыптаса бастаған (XV ғасырдың екінші жартысы) орталықтандырылған өкіметтен жәрдем күтуі табиғи жағдай екендігін Лопе дұрыс түсініп, оны өз шығармасында анық көрсетіп берді.

1476 жылы Фуэнте Овехуна қыстағында феодалдық озбырлыққа қарсы көтерілген шаруалар көтерілісі XV ғасырда Испанияда болған көтерілістердің ең үлкені еді. Лопе де Вега «Қой қайнары» драмасын жазуда халық қозғалыстары туралы хикаялармен қатар, Франсиско Радестің «Хроникасын» да пайдаланды.

Калатавра серілік орденінің командоры Фернан Гомес де Гусман өзіне бағынышты Фуэнте Овехуна қыстағында шаруаларға қатты зұлымдық көрсетеді. Қыстақтағы әйел-қыздарды қорлап, шаруаларды жазықсыз жазалайды. Қыстақ ақсақалының бойжеткен қызы Лауренсияны зорлап алып кетуге ұмтылады. Бірақ, қызды сүйген шаруа жігіт Фрондосо ерлік әрекеттерімен оны қорғауға дайын тұрады. Командордың қару-жарағын қолға түсірген жігіт Лауренсияны тұтқыннан құтқарады. Фрондосоның адал махаббаты қыздың да ғашықтық сезімін оятады. Оның «кім шынайы сүйген болса, оны қорқыныш жеңе алмайды» деген сөздері Лауренсияның жүрегінен терең орын алады.

Мемлекет бірлігін ыдырату мақсатында Сюдад Реалға қарсы соғыс ашқан және масқаралықпен жеңіске ұшырап, қыстаққа қайтқан командор Лауренсия мен Фрондосоның тойының үстінен шығып, тойға келгендерді қуа бастайды. Қыз бен жігіттің әкелерін балағаттайды. Фрондосоны қамаққа отырғызып, қызды зорлықпен алып кетеді. Шаруалар залымның бұл әрекеттеріне ызалары келгенімен, ашық қарсылық көрсетуге қорқады. Осы кезде намысы тапталып, қорланған Лауренсия келіп, өз қызын жеңдет қолына тапсырып, оның қорлануына жол берген, залымнан кек алмаған әкесі мен ағаларын «қозыны қасқырға алдырған

қорқақ шопандарға» теңейді. «Сендер – қойсыңдар, сол үшін сендерге Қой қайнарында жасау өте қолайлы» деп, өз қыздары мен әйелдерінің тағдырын озбырлар қолына тапсырған шаруаларды да айыптайды. «Олай болса, енді әйел-қыздардың өздері қолдарына қару алып, тапталған намыстарының кегін өздері алады», – дейді. Намыс бұған Лауренсияның әкесі Эстебан күреске дайын екендігін айтады. Оған басқа шаруалар да қосылады. Барлық халық қаруланып, командор сарайына басып кіріп, командорды жазалап өлтіреді. Фрондосоны зынданнан құтқарады. Командордың аман қалған қызметкері Флорес жасырын король құзырына барып, Қой қайнары қыстағының халқы көтеріліске шығып, өз синьорын жауыздықпен өлтірді, – деген хабарды жеткізеді. Король қыстаққа өз шенеунігін жіберіп, қылмыскерлерді анықтап, оларды жазаға тарт деп бұйырады. Тергеуші қыстақ адамдарын шақырып, командор Фернан Гоместі өлтірген қылмыскерді анықтау мақсатында сұрақ алады. Бірақ, «Командорды кім өлтірді?» деген сұраққа олар: «Қой қайнары өлтірді», «Айыпты кім?» десе, олар «Айыпты Қой қайнары» деп жауап қайтарады. Ақыры тергеуші нақты қылмыскерді таба алмай, сарайға қайтады. Сондықтан, король «жасалған қылмыстың ауырлығына» қарамастан, тергеуді тоқтатады, шаруалардың «күнөсын» кешіруге мәжбүр болады. Қой қайнары қыстағын өз қол астына алады.

Шығармада жазушы испан монархиясының, екіжүзділігін әшкерелеп, шаруалардың байларға қарсы көтерілісін қолдайды.

Драманың қаһармандары – жеке тұлғалар емес, ал бүкіл Қой қайнары қыстағының халқы. Еңбекші шаруалардың бойындағы адамгершілік, адалдық, ерлік мінездер – командор мен оның қызметшілеріне жат қасиеттер. Командор – адамдық келбетін жоғалтқан типтік феодал. Жауыздық, сараңдық, байлыққа құмарлық, өз мүддесін халық пен мемлекет мүддесінен жоғары қою сияқты жарамсыз қасиеттер оған тән.

Қаһармандардың жалпы белгілерінен басқа олардың әрбірінің өзіне тән жеке мінездері мен әдеттері бар. Ғашықтар Фрондосо мен Лауренсия ауыр қиыншылықтарды жеңуге қабілетті, батыл және бір-біріне адал, олар өз бақыттарын залымға қарсы күрес идеясымен байланыстырады. Қыздың әкесі ақсақал Эстебан мен Фрондосоның әкесі шаруа Хуан аңғал, момын жандардан озбырға қарсы бас көтерген белсенді күрескерге айналады. Менго батырақ та өзіне тән тип. Сүйіктісіне (Хасинта) байланысты командордан көп жәбірлік көрген бұл жас жігіт сақтықпен қимылдайды. Әкімге қарсы ашық әрекет жасамауға үндейді. Бірақ, командор зұлымдығына шыдау мүмкін болмай қалған кезде, ол халықты қарулануға, залымның көзін құртуға шақырады. Ең ауыр сәттердің өзінде де Менго тапқырлығымен ерекшеленеді. Тергеу уақытындағы оның әрекеті көрерменде біресе үрей, біресе күлкі туғызады. Соттың «Оны кім өлтірді?» деген сұрағына Менго: «Фу-



ентус Овехунский», яғни «Қой қайнарының» шаруалары өлтірді деп жауап береді.

Лопенің жаңашылдығы мен халыққа жақындығы – оның жасаған образдарының еңбекші халық өкілдері болуында және олардың мақсатының зұлымдықтан құтылып, еркіндікте жасауында жатыр. Бұған ерісу жолы – көтеріліс Еңбекші халық феодалдық зұлымдыққа қарсы күресте король өкіметінен жәрдем күтеді, бірақ жазушы шаруалардың бұл арманының мүмкін еместігін көрсетеді. Корольдің өлтірілген командор орнына жаңа, одан да жауыз әкімді жіберу керектігі туралы сөзі бұған жақсы дәлел бола алады.

Шығармадағы шаруалар өз адамгершілік қасиеттерін, ар-намыстарын сақтай алуымен феодалдық ақсүйектерден қай жағынан болса да жоғары тұрады. Сараи әдебиетінде халық өкілдері төмен, күлкілі оқиғаларды бейнелеуде ғана алынса, Лопе халықты нағыз қаһармандар дәрежесіне көтереді, өз еркіндіктері үшін табанды күрес жүргізген шаруалардың күші мен құдіретіне тиісті баға береді. «Қой қайнары» – Лопе де Веганың халық көтерілісін шынайы бейнелеген, демократиялық рухтағы ең көрнекті драмасы.

Лопе де Вега Испанияда жеке биліктің дағдарысы және феодалдық-католиктік озбырлықтың күшейген дәуірінде өмір сүріп, шығармашылықпен айналысты. Ұлы қаламгер Лопе осы тұңғышқа ақиқат жолын іздеді, зұлымдық пен әділетсіздікке қарсы гуманистік идеяларды үлкен ерлікпен қорғады. Халықтың өз тағдырын өз қолына алуы, өз бостандығы үшін күресі тақырыбын суреттеуі – оның шығармашылығының демократиялық сипатын белгіледі. Сол себепті Лопенің жауынгерлік рухтағы туындылары Испанияда билік жүргізген кертартқы сипаттардың қарсылығына ұшырайды.

Оның драматургиясына қызығушылық Ресейде XVIII ғасырдың 30-40 жылдарында басталды. Сумароков оның

шығармашылығын жоғары бағалап, оны ағылшын жазушылары Шекспир, Мильтон, итальян жазушылары Тассо және Ариостомен бір қатарға қояды. XIX ғасырдың бастарында испан әдебиеті мен театрын үйрену тағы да күшейеді. Пушкин «Әдебиеттің халықшылдығы туралы» (1825) атты мақаласында Лопе де Веганы халық арманын бейнелеуші деп бағалайды. В.Г.Белинский «испан драмасы Лопе де Вега және Кальдерон сияқты жазушылармен мақтануы тиіс» екендігін айтты.

XIX ғасырдың 40-жылдарынан бастап, ұлы драмашының пьесаларын орыс тіліне аудару күшейеді. 1870-1880 жылдар «Фуэнте Овехуна» («Қой Қайнары»), «Севиль жұлдызы» пьесаларын сахналастыру мәдени өмірдегі үлкен оқиға болды. Кейін «Шалғындағы ит», «Фенисаның налалары» пьесалары да орыс сахнасында қойылады. Оның «Валенсия жесірі», «Севиль жұлдызы», «Шалғындағы ит», «Би мұғалімі» сияқты 30-дан аса драмалары мен комедиялары тек орыс тілінде ғана емес, ал украин, белорус, армян, грузин, әзірбайжан, қазақ тілдерінде де сахнаға қойылды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Белинский В.Г. Сочинения в одном томе. М., 1950
2. Тебегенов Т.С. Шетел әдебиетінің тарихы. А., РБК, 1996
3. Словарь литературоведческих терминов. Сост. Тимофеев Л., Тураев М. М., 1974
4. Сервантес. Том IV. М., 1961.
5. Пуришев Б.И. Зарубежная литература средних веков. М., 1975.
6. Плавский З.И. Литература Испании IX-XV веков. М., 1986.

Ақтау қаласы.

«БАЛА ШОҚАН» ХИКАЯТЫНЫҢ КӨРКЕМДІГІ

Қаламгер Сапарғали Бегалин шығармашылығы жайлы сөз болғанда, алдымен оның балалар әдебиетінің шебері екенін айтқанымыз жөн.

Көрнекті ақын, дарынды жазушы, аудармашы, драматург Сапарғали Бегалиннің әдеби мұрасы оқырманның жүрегіне жол тауып, балаларды отансүйгіштік, адамгершілік сияқты ізгі қасиеттерге баулып, айтылмақ ойды, өсиет-ақылды балалар түсінігіне, талғамына сай жазуына ешкімнің таласы болмаса керек. Ғалым

Г. МАУЛЕНОВА,
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық университетінің
қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты

Н.Ғабдуллин: «Сапарғали Бегалин – қазақ балалар әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі. Балаларға



арнап жазған өлеңдері мен әңгімелері тілге жеңіл, жүрекке жылы тиеді. Бір шығармаларында жеткіншектің жақсы үміті, талабы, әр іске икемділігі, құмарлығы сипатталса, енді бірінде олардың әр түрлі мінез-құлқы мен алуан әрекеттері суреттеледі» [1,3б.] десе, академик Р.Нұрғали: «Әсіресе, ол балалар әдебиетін дамытуға зор үлес қосып, «Бүгінгі Ыбырай», «Қазақтың Маршағы» атануы тегіннен-тегін емес. Есімдері әлемге аян Том Сойер, Гаврош, Йимур секілді қызық мінезді, қайратты балалардың қатарына С.Бегалин өз кейіпкерлері – Сәтжан, Көксеген, Уәш, Ердендерді қосты», – дейді [2,3-б.]

Әдебиет мәселесі – күрделі мәселе. Кез-келген туынды қандай да бір тақырыпқа жазылмасын, ол шындыққа негізделуге тиіс, бұл үшін қаламгер өз шығармасына арқау еткелі отырған оқиғаны немесе құбылысты көзбен көріп, жүрегімен сезінуі шарт. С.Бегалиннің қай шығармасын алмайық, мағына-мәнділігімен оқырманның жүрегіне жол тауып, өзіне еріксіз баурап отырады.

Өзінің ұзақ ғұмырында Сарапғали Ысқақұлы өмірдің қызығымен бірге азабы мен тозағын да көрген. Бұлай деуімізге негіз бар: жастық шағы қанқұйлы бірінші дүниежүзілік соғыспен тұспа-тұс келіп, 30-жылдары туған ел-жұртын жалмаған жұтты да көзімен көрді, көп ұзамай ұлт тұлғаларының басына үйірілген қара бұлт «репрессия» кезеңі мен туған өлкесі – «Дегелеңнің» атом аймағына айналуы – оның өмірінің трагедиялық бір бөлігіне айналды. Осындай аласапыран дәуір оқиғаларына куә болған қарт қаламгер «Біз осылай өстік» деген мақаласында былай деп жазды: «Шығармашылық өмір сабақтардан басталады. Мен екі ғасыр, екі дәуірді көзбен көрдім. Өтпелі, өткелді кезең ауыртпалығын бір кісідей-ақ тарттым ғой деймін. Көпті көріп, білу, ауыр бейнеттің дәмін тату – қалай дегенде де әлдебір талаптарға талпындырады, жұмылдырады адамдарды» [3,4-б.]. Екі ғасыр оқиғасын көзбен көріп, байыппен ой елегінен өткізген С.Бегалин қаламынан туған «Алтай аңызы», «Қанатты қазақ», «Баян жүрек» поэмалары мен деректілік маңызы бар «Заман белестері» мемуарлық романы және «Шоқан асулары» хикаяты – қаламгердің және қазақ әдебиетінің үлкен бөлесі.

Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқанды қазақ елінің сайын далада көшіп-қонып жүрген шағында мәдениеті, білімі мен өнері озған орыс елінің мойындауы халқымыздың бірегей тұлғасына деген құрметті танытты. Осындай ұлттың бақ-талайына туған перзентінің өмірі мен еңбектерін зерттеуде ұлттық әдебиетімізде зерттеуші ғалымдар айтарлықтай жетістікке жетті. С.Мұқановтың «Аққан жұлдыз» романы, С.Бақбергеновтың «Қоянкөзге құлаған жұлдыз» хикаяты, Ә.Марғұланның зерттеулері Шоқанның қысқа ғұмырында мәнді өмір белестерін атқарып кеткен маңызды істерін пайымдауға мүмкіндік берді. Осындай тағылымды туындылар қатарынан орын

алатын еңбек – С.Бегалиннің «Шоқан асулары» деректі хикаяты

Қаламгер қазақтың тұңғыш саяхатшысы, оқымысты және ғалымы Шоқанның жастық кезіндегі тәлім алған ортасы мен үлкен ғылымға аттанған өмір жолдарын осы кездегі қоғам өміріне байланыстыра отырып, әсерлі баяндайды. Академик Р. Нұрғали «Халқымыздың аспалы перзенті – Шоқан өмірі бүгінде көптеген көркем шығармаларға арқау болып отыр. Сәбит Мұқановтың, Сергей Марковтың, Сәуірбек Бақбергеновтың ұлы ғалым өмірін бейнелейтін роман, повестердің қатарында Сапарғали Бегалиннің «Шоқан асулары» диалогиясы өзінің деректі негізімен, ықшамдылығымен, тартымды оқиғаларымен ерекшеленді. Бұл кітап – тамаша адамдар өмірін фактілік негізден ауытқымай, дәл бейнелейтін, қазақ әдебиетіндегі сәтті туындылардың бірі» [2,3-б.], – деп баға берген.

«Шоқан асулары» хикаяты «Бала Шоқан», «Ғалым Шоқан» атты екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімді автор түрлі тақырыптарға жіктеп, әрбір тақырыпқа бала Шоқанның білімге, ғылымға, әр түрлі өнерге деген құштарлық сезімі мен болашақ ғалымның бойындағы ізгі қасиеттерін көркем суреттеп отырады. Мәселен, «Мүсінші мысықта» өнерді бағалай білу, өнерге деген сүйіспеншілігі, қарапайым халық өкілдерін жанына жақын тұту суреттелсе, «Ақын алдында», «Тұңғыш естеліктер», «Өрісті өнердің белгісі» тарауларында халық мұраларына, сөз өнеріне деген сүйіспеншілігі баяндалады. Оны баласы бола тұра ауылға келген ақын-жыршылардың айналасынан ұзап кетпей, солар жырлаған «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», Айғаным әже аузынан естіген «Ер Тарғын» жырын қызығушылықпен тыңдауы, әрбір жаңа кітапты оқыған сайын оқу құмарлығы, таным-білігі арта түсетіні нанымды суреттеледі. Бұл өмірде Шоқанның білімді, ойлы да зерделі адамдардың қасынан қалмай, өзіне беймәлім сырлардың құпиясын шешуге, белгісіз құбылыстарды танып-білуге талпынғанын көреміз.

Көркем шығармадағы «Сонаршылар тобында» бөлімінде қазақ халқы жоғары бағалайтын, ежелден кәсібіне айналдырған аңшылық дәстүрі кеңінен суреттеледі. Қожбанның қолындағы бүркіттің томағасын сыпырған сәті, сол сәтте дабыл қағылып, қиқу салуы, қыранның көкке шарықтай ұшып, төменге найзадай қадалып келіп, түлкіні алуы оқырманның көз алдында әдемі сурет болып өтіп жатады. Тіпті қызықтап тұрған жас Шоқанның да атын тебініп қалып, шаба жөнелгенін көріп тұрғандай боласыз. Қаламгердің халықтың ежелден еген болған салтын шебер суреттей білуі – ата-бабамыздың аңшылық, құс салу дәстүрін жетік меңгергенінің айғағы. Шыңғыс ерекше үміт күткен ұлы Шоқанды ат ерттетіп мінгізіп, құс салуға алып шығуы секілді нағыз ұлттық ерекшелік қаламгер Е.Букетовтың «Жас Қаныш» хикаятында да кездеседі. Осы бөлімдегі құс салу көрінісі аса



көркем бейнеленген.

Академик Р. Нұрғалидің: «Өзге ортада басқаны елей қоймайтын Ғабит пен Ғабиден қазақтың ауызекі әңгімесінің үздік шебері Сапарғали отырған жерде байқап басып, көбіне салт, бұрынғы тұрмыс, ел арасындағы хикая, шежіре, аңыз, жүйрік ат, түйғын құс туралы ағаның ұзақ-сонар сөзіне жалықпай ден қоятын» [2,3-6]. – деген пікірі жоғарыда айтқанымызды дәлелдей түседі. Осы бөлімде құс салудан басқа олжа байлау, олжаға құтты болсын айтып, шашу жасау сияқты ырым-жоралғылары да көрініп жатады.

«Нағашы ауылына саяхат» бөлімінде сіңілі кәдесі, тоқымқағар, жол шашуы, бата беру, жарау жүйрікке көзі түсе қалса, қолқа салу сынды көңілді әрі қызықты салт-дәстүрлер кездеседі.

Автор «Бала Шоқан» хикаятын шағын тақырыптарға бөле отырып, әр бөлімде Шоқанның өрге талпынысын, талабын сенімді суреттеп отырады. Жазушы Шоқанмен бірге шығармадағы жетекшіліктерді суреттеуде бала психологиясын көркем жеткізе білген. Мәселен, «Сәтжан», «Көксегеннің көргендері», «Бала мерген» туындылары да балалар тәрбиесіне қатысты күрделі мәселелерді шағын көлемде шымыр, ұғынықты, көркем, гартымды жазудағы, ондағы балалардың ой-өрісі мен таным-түсінігін, қызығушылығын еңбекке, өнерге деген құштарлығын бейнелеудегі шеберлігі айырықша. «Ұядан ұлы жолға» бөліміндегі Омбыға оқуға аттанғандағы Шоқанның елге, анасы мен достарына деген қимас сезімі, ішкі тебіренісі, достары Әлібай мен Мұқанның, тіпті тентек інісі Жақыптың томсарып, ағасын құшақтай алуы оқырманды елжіретеді.

Қай шығармасында болмасын, осындай ұлттық дәстүрлерді бейнелі суреттеу арқылы кейінгі ұрпақты, жас буынды ата салтты қастерлеуге, елжандылыққа, инабаттылық пен әдемілікке үндеу – жазушы ерекшелігінің бір қыры. Ұлттық тәрбие мен халқымыздың салт-дәстүріне қаламгер өз шығармаларында әрқашан айырықша көңіл бөліп отырады. Демек, жазушы прозасы – ұлттық тәрбиенің құнарлы көзі [4,280-6].

Ғұмырнамалық шығармалардың негізгі ерекшелігі – өткенді еске түсіру болғандықтан, Шоқанның бала кездегі іс-әрекеті, мінез-құлқы, ортасымен қарым-қатынасы кең түрде суреттеледі де, үлкен мәселені, күрделі оқиғаларды суреттеу жоққа тән, Шоқанның мінез-құлқын аша түсу мақсатында ғана автордың қысқа түрде баяндап өтуі кездеседі. «Аңсаған ауылға барғанда» бөлімінде оқуда жүріп, азаматтық көзқарасы қалыптаса бастаған Шоқан Шыңғыс пен Шеген ауылының жылқылары егіншілердің шабындығына түскен сәтте дау-дамайға араласып, әкесінің кедейлерге бір қара бергізіп, соққыға жығылған жіптке ат мінгізген тұсы бар. Бұдан басқа, уақ руының биі Ықылас пен алшын кедейлері арасында жер-суға таласқан даулы мәселесі дәулетті уақыттардың пай-

дасына шешілгені, әкеге қарсы үкім айта алмаған баланың кедейлерге деген аяушылық сезімінің көрінісі – шығармада Шоқанның адамгершілік, азаматтық бейнесін ашу мақсатында баяндалады. Шығармада көп болмаса да, кей тұстарда керемет табиғат көріністері – пейзаж байқалып қалады. «Пейзаж – әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі». Жазушы әдеби шығармада көркем ойлардың ажары ретінде, жаны есебінде, образдың – метафора жүйесінің арқауы сипатында табиғат келбетін ұсталықпен пайдаланады» [5,365-6]. «Ел орынға отыра екі ауылдың аралығында алтыбақан, әткеншек құрған балалар шуылы күзек даласының кең алқабына жаңғырығы кетіп жатты. Іңірде туған ай сәулесі де жер бетіне көгілдір аспаннан жарығын мол жайып, аса көңілдендіріп жіберді. Тек балаларға ғана емес, өткеншек басына қыз, көліншектер де, жасөспірім бозбалалар да жиналды» [6,76-6]. Жазушы жаратылыс бейнесін суреттей отырып, табиғаттың әсем көріністерін адамдардың көңіл-күйімен бірлікте әсерлі суреттеген, дәл берген. Осы көріністі бейнелей отырып, қазақ халқының жайма-шуақ тіршілігін көркем жеткізген «Пейзажды біз, әдетте, көркем шығармада суреттелген табиғат көрінісі дейміз. Рас, пейзаж – табиғат. Бірақ, бұл жеткіліксіз. Нағыз пейзаж – бұл поэзия! Бұл – характер, бұл – адам. Неге десеңіз, адамдардың тағдырынан, сезімінен, көңіл-күйінен тыс табиғат суреті – пейзаж емес!» [7,366-6]. Мысалы: «Күтірлеп сынған қалың мұздар бірін-бірі қаға жылжып, бірі шетке қағылып, бірі ағынға түсіп, ойран-топырын шығарып жатыр... Су бұрынғысынан әлдеқайда көтеріліп, жардың өрнеуіне шыпылдап келіп, қалаға лап қоярдай лепіріп жатыр». Осы бір көрініс қырда еркін самғап өскен қаладағы Шоқанның кең даланы аңсап, алай-дүлей болған көңілінің сонау туған жеріне ынтықтығын, елге деген аңсарының сыртқы көрінісіндей.

Орыс ғалымдары (профессор А.Ефимов) стильді лингвистикалық тұрғыдан қарастырып, жазушының тілінен іздесе, енді біреулері стильге шығарманың идеясы мен пішінін қосады (Г.Абрамович), академик Қ.Жұмалиев пікіріне сүйенсек: «Стиль деген сөз екінші ұғымда, әр жазушының өзіне тән шығармашылық ерекшелігі. Бұл ерекшелігі сюжет, композиция, тіл, сөз, сөйлем құрылыстарында айқындалады» [8,199-6] десе, ғалым З.Қабдолов: «Сонымен, біз әрбір жазушының бүкіл шығармашылығының өн бойынан идеялық-көркемдік негіздің (идея – тақырып – мінез – тіл) тек сол жазушыға ғана тән ерекшелігін аңғарамыз. Мұндай ерекшелікті жазушы творчествосының мазмұны мен пішініне қатысты басқа жайлардан да іздеп таба беруге болады...» [7,331-6]. – дейді.

«Бала Шоқан» хикаятында бейне жасаудағы қаламгердің шеберлігін ерекше атап өткен жөн.

«Әлде сынағысы келді ме екен, жоқ өзінің аңғырт



айтқыш әдеті ме екен. Сәттібай деген Шорман ауылының белгілі қожасы:

– Мырза ауылы қаншалық өзімсінгенмен, ата тегі басқа ғой. Қазақта мақал бар емес пе, «Жиен ел болмайды, желке ас болмайды» деген. Бұрынғылар білмей айтты деісіз бе, – деді. Қожа сөзін аяқтап, қасындағы бір ақсақалды адамға бұрыла бергенде:

– Қожеке. «Жиен неге ел болмасын, малы болса, желке неге ас болмасын, майы болса» дегені бар емес пе, сол айтқыштардың, – деді Шоқан байыпты қабақпен» [6,91-6]. Диалог арқылы кейіпкердің, Шоқанның бейнесін аша түсетін осындай үзінділер мол: «Жиендер әлі жас қой, ат баптар жасқа келгенде онысын да көрерміз», – деп Мұстапа Шыңғыстың алдын орағыты.

– Бәсе, сараң дегенім дәл шықты ма? Көкбестіге жиендер қолқа салар деп, ат баптар деген сөзді көлденең тартып отырсың-ау, ә?-деп Шыңғыс күлді. Бағанадан үндемей ғыңдап отырған Шоқан:

– Атеке, өзімізде де жүйрік бар ғой. Бізге керек жүйрік оған керек емес пе?-дегені ғой.

Шоқанның кісіден сұрау, біреудің дүниесіне қызығу дегенді жек көретін мінез білдіргені Мұсаға сондай ұнады.

–Шоқанжан бері келші, Мұстапаның атынан сенің мына сөзің әлдақайда жоғары шықты-ау. Бақытты бол. Аман болсаң, қай жүйрік сенен құтылар деісің. –Осыны аитып Шоқанның маңдайынан иіскеді» [6,55-6]. Осы жерде Шоқан ерекше қасиетпен көрінеді. Бір ауыз әкесіне қарата айтқан сөзімен өзінің үлкендерден асып түскен ақылдылығын көрсеткен Шоқанға нағашысы Мұсаның «Аман болсаң, қай жүйрік сенен құтылар дейсің» деп шексіз ризашылық білдіруі оның болашағын сол сәтте дәл болжағандай.

С.Бегалин бір сәтте шығармадағы екі кейіпкердің бейнесін қатар аша білген.

– Шоқан Уәлиханов, сен мұнда неге томсарып отырсың?-деді коргус дәрігері Василий Матвеевич.

– Кешірім етіңіз, сіздің келгеніңізді байқамай қалдым

– Оқасы жоқ. Рахмет, қыран балапаны, – деді Кошелевский. –Сен еркін өскен сахара баласысың. Сонау кең даланды, ауылды сағынып отырсың, ә? Түсінемін. Сен мына қалада торға түскен сұңқардың балапаны тәріздісің. Сенің жаның сонау көгерген алыс қырға талпынады. Шіркін, еркіндік қиялы қандай әдемі, – деп дәрігер Шоқанның өзіне түсініксіз ой толқынын қозғап жіберді» [6,71-6]. Осы жерде, біріншіден, Василий Матвеевичтің қыр елі – қазақ халқын жоғары бағалап, қыранға теңеуі – ұлтымызды жақсы танитындығын аңғартса, екіншіден, Шоқанның жас болғанына қарамай, орыс білімдісінің алдына абырой, беделінің соншалықты жоғары дәрежеде екенін көруге болады. Немесе «Анадағы әжесі айтқан: «Байлық та, бақыт та тиянақсыз, ең тиянақты қасиет –

енер-білім. Жеті жұрттың тілін білген адам – шалағай адам» деген сөзді өзінің естелік дәптеріне Шоқан жазып қойған-ды» [6,26-6]. Осы бір үзіндіде зерделі, зерек Шоқанның білімге құштарлығы мен осы жолдағы тиянақты іс-әрекеті көрінсе, Айғаным әженің дариядай ақылы мен даналығының иісі аңқып жатады.

Жазушы С.Бегалин шығармаларының бір ерекшелігі – өмірде жиі айтылатын мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді орынды пайдалануында. Хикаятта «Бітер істің басына, білімді келер қасына», «Бұқа қарап жүріп, жасаулыға тұрыпты», «Жігітке жетпіс түрлі өнер аз», «Асауды құрық жуасытады, тентекті бұйрық жуасытады», «Басы ауырмағанның тәңірімен ісі жоқ», «Төреге ерген ерін арқалар», «Іздегенге алтын жолығады», «Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі», «Екі бай құда болса, арасында жорға жүреді», «Шайнап берген балаға ас болмайды», «Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі», «Бет көрсе, жүз ұялады», «Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ». Жазушы мақал-мәтелдермен ғана шектелмей, фразеологиялық тіркестер мен теңеулерді тиімді қолданған: қазан бұзар, бауыр басу, даусы сембеу, іштарлық ету, көз тастау, т.б. Мысалы, шығармада мынадай теңеулер кездеседі: «Қыстаи қала ішінде іші пысып, ерігіп қалған бала, далаға қараи қанат сермеген түз құсындай ынтықты» [6,72-6], «Ө, дегенде құйындай ұшып жөнелген Жақыптың Қарагер құнаны бір белестен асып, келесі қайқаңға көтерілгенде тырбақтап жайыла берді» [6,72-6]. Осындай мақал-мәтелдер мен көркемдегіш құралдар шығарма тіліне ажар беріп, көріктендіріп жіберген. Әрі қаламгердің ұлттық болмысын танытады.

Қаламгер көтерген тақырыптың қай-қайсысы да маңызды әрі мәнді, әрқайсысының тәрбиелілік, тағылымдық мәні ерекше. Ендеше, суреткер Сапарғали Бегалиннің мұралық әдебиетіміздің бір белесі ретінде қалары анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғабдуллин Н. Елін ерекше сүйген. «Қазақ әдебиеті». 1995 ж., 17 қазан.
2. Нұрғали Р. «Дегелеңге» біткен шынар // «Қазақ әдебиеті». 1995 ж., 10 қазан.
3. Нысаналин А. «Заң» газеті. 2008 ж., 13 қыркүйек
4. Ибраиханова А.Қ., С.Бегалин прозасындағы балалар әлемі. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №2-2008
5. Соколов А.Н. Теория стилия. М., Советский писатель. 1968.
6. Бегалин С. Шоқан асулары. Алматы: Балауса, 1996.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. Екі томдық шығармалар. А., 1982
8. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Алматы: Мектеп, 1969.

ОҚУЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК БАҒДАРЛАМА

(әдебиетті тереңдетіп оқытуға және элективтік курстарға негізделген)

Шерхан Мұртаза (1932)



Қ.О. БІТІБАЕВА,

КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты,
«Құрмет» орденінің иегері, профессор.

хатшысы. ҚР Мемлекеттік телерадио компаниясының төрағасы қызметін атқаруы. ҚР Парламентінің Мәжіліс депутаты болуы. Ш.Мұртазаның құлашы кең, қарымды эпик жазушы екендігі. Роман, повестерінің КСРО халықтары мен шет тілдеріне аударылуы. Өзінің де әлем тұлғаларын қазақшалауы – Г.Х. Андерсон, Ш.Айтматов, М.Кәрім, Л.Лагин, т.с.с.

Ш.Мұртаза прозасының өзіндік ерекшеліктері (шолу).

Жазушының туған әдебиетін проза жаңрымен байытуы. Әсіресе, әңгіме, повесть, эпикалық биіктегі тарихи романдар авторы екендігі. Прозасының туған халқының, оның ұлы тұлғаларының басынан кешкендерін тарихи шындықпен берумен даралануы. Соғыс тақырыбы, еңбек адамының бейнелері жазушы шығармаларының негізгі арқауы екендігі. «Қызыл жебе» романының туған әдебиеттегі орны, маңызы. Оның қазақ прозасын эпикалық дәрежедегі тұңғыш рет жазылған бес томдық «Қызыл Жебемен» биікке көтеруі. Жазушының тіл байлығы, туған халқының сөздік қорын ерекше меңгерген қасиеті.

Ш. Мұртаза – суреткер жазушы. Табиғат көріністері, портреттер жасаудағы шеберлігі. Оның роман-повестерінің көтерген тақырып ауқымдығы, өзектілігі, оқиға қоюлығы, композициялық шеберлігімен даралануы.

«Қызыл жебе» талдау (мұғалім таңдауымен үзінді бөлімдер). Романдар негізінде қазақ халқының біртуар ұлы, аса ірі қоғам қайраткері, Сталиннің өзін «Шыңғысхан» атандырып, бетіне қарамайтын халқы үшін репрессияға ұшыраған Тұрар Рысқұловтың алы-

Жазушы, журналист, публицист, аудармашы, драматург, мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстанның Халық жазушысы.

Оқуға, талдауға. «Қызыл жебе» романы.

Өз беттерімен оқуға: «Сталинге хат» драмасы.

Өмірінен мәлімет

1932 жылы Жамбыл облысында дүниеге келуі. 1955 жылы М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің журналистика бөлімін бітіруі. Республикалық газет-журналдарда әдеби және басшылық қызметтер атқаруы. Қазақстан Жазушылар Одағының



нуы. Романда ХХ ғасыр басындағы халықтың саяси-әлеуметтік тынысы, азаттық жолындағы күресінің тарихи шындықпен суреттелінуі. Диапазоны ете кең бұл шығармаларда деректі оқиғалар мен тарихта болған адамдардың алынуы. Қаһарынан қан тамған Сталин, Кремль жандайшаптарының бейнесінде тарихи деректердің жатуы.

Т. Рысқұлов бейнесіндегі тарихи шындық пен көркем шындықтың өріле берілуі. Мызғымас күздай, басын күн сүйген шындай биікті алып, қайсар да батыл, батыр тұлғаның бойына махаббат, мөлдір сезім, биік Адамдық қасиеттердің де жинақталғаны. Халқын сүйген ғажайып жүрегі, терең мәдениеті, келбетті сырт тұлғасы, бірбеткей мінезінің романда ерекше сезіммен берілуі. Са-

тылмауы, ешкімді сатпауы өлімге де ақ сенім, үмітпен аттанған Тұрар бейнесі арқылы жазушының характер сомдау шеберлігінің көрінуі. Оның кейіпкерлерінің жан дүниесі, жан қоймаларын ашудағы көркемдік шешімдері. Романның тарихи да көркем шөжірелік маңызы. Осы негізін қалаған қоғамның құрбаны болуы. **Пәнаралық байланыс:** Қазақстан тарихы.

Әдебиет теориясы: Роман-эпопея, хамса, тарихи романдар, тарихи және көркем шындық. Характер жасау шеберлігі.

Сын-зерттеу еңбектер Оқушы үшін:

Қазақ әдебиеті (энциклопедия) А, 1999 ж

Т. Рысқұлов туралы өмірбаяндық, тарихи материалдар.

Негізгі проблемалар, талдау сұрақтары	Құзыреттілікті қалыптастыруға бағдарланған тапсырмалар әдістемесі, технологиясы.
<p>1. Бес томдық «Қызыл жебе» романы және ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының, сталиндік репрессияның трагедиясы.</p> <p>2. Тұрар Рысқұлов бейнесінде жатқан қызыл саясат шындығы, тарихи деректер.</p>	<p>-Проблемалық сұрақтарға негізделген дәріске дайындалындар. Жоспары:</p> <ul style="list-style-type: none"> -Романның жазылу тарихы. -Төңкеріс алдындағы және төңкеріс жылдарындағы қазақ интеллигенциясының тағдыры, саяси көзқарастарының екіге бөлінуі. -Тұрардың халқының бақытын Ленин идеясынан көруі, сол жолдағы күреске толы өмірі. -Қызыл империя саясаты, сталиндік репрессияның ұлы даналарды, нағыз халық ұлдарын жазықсыз құрбан етуі. Тарихи шындықтар, халық басына түскен трагедия. <p>Ескерту: Мұғалімдердің көмегімен, нұсқауымен тарихи құжаттар, ақпараттар, нақты деректерді пайдаланындар да өздерін дәріс сабағын өткізіндер, білімді өзбеттерінен алуға дағдыланындар.</p> <p>1. Т. Рысқұлов туралы тарихи деректерді оқып, саралаңдар. Соның негізінде мына мәселелерді анықтаңдар. (Хронологиялық таблица әзірлеу). Үлгі:</p> <p>Мәліметтер, нақты деректер</p> <ul style="list-style-type: none"> -Шыққан ортасы, білім алған ордалары. -Азаттық үшін күрес жолының басталуы. -Туған халқы үшін басын қауіпке тігуі. Сталин және Тұрар. -Тұрар түрмеде, сталиндік репрессияға ұшырау себебі. <p>2. Деректерді романдағы Т. Рысқұлов бейнесінен іздеп, тарихи негізін дәлелдеп, жазушының көркем шешімін саралаңдар.</p> <p>3. «Егер мен Т. Рысқұлов заманында өмір сүрсем, халық азаттығы үшін қалай күресер едім» тақырыбына саяси платформаларының жобасын жасап, ортаға салыңдар. Жоба сайысын өткізіндер.</p> <p>4. Қалай ойлайсыңдар, Т. Рысқұловтың азаттықты, халқының бақытын Ленин идеясы, кеңес үкіметінен іздеуі саяси қателігі, алдануы ма, әлде басқа жол таба алмауы ма? Осы мәселені бәрің ойланып, бір-біріннен интервью-сұхбат алындар.</p>

ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ПОЭМЫ И. ДЖАНСУГУРОВА «КУЛАГЕР»

Работая над проблемой перевода поэмы Ильяса Джансугурова «Кулагер» на русский язык, я провел сравнительный анализ трех текстов. Первый – оригинальный текст автора на казахском языке

Второй – перевод русского поэта Михаила Луконина, опубликованный в 1957 году (сразу после реабилитации поэта).

Третий – перевод Б. Джилкибаева, датированный 2006 годом.

Я взял первые три строфы из «Толғану» – вступительной главы поэмы. Слово **толғану** имеет свое (отличное от пролога, вступления, раздумья) смысловое значение. Толғану – накопление, наполнение, обдумывание, осмысление, вздох перед тем как высказать что-то важное... Очень емкое слово. Таков казахский язык и таков Ильяс, оставивший переводчикам множество таких «загадок».

Я, как сын великого поэта, осмелился сделать свой перевод тех же трех строф из «Кулагера». Позволил потому, что уже переводил тексты отца и публиковал их в журналах и газетах. В частности, в республиканском журнале «Простор» был напечатан доклад И. Джансугурова на 1-м съезде писателей Казахстана и эссе «Ильяс и музыка». Эти документы были дополнены переведенными мною стихами поэта.

Не открою большого секрета утверждением: «Труд по переводу с одного языка на другой интересен, но воистину труден» Особенно применительно к поэзии. Особенно, если речь идет о переводе с казахского языка на русский, особенно, если речь идет о классике отечественной литературы Ильясе Джансугурове.

Все исследователи признают, что лексикон Ильяса Джансугурова был богатейший, очень образный. Словарь лексики поэта еще полностью не составлен.

Вернемся же к анализу текстов. При сопоставлении видно, что переводы кардинально отличаются друг от друга, поэтому еще есть возможность улучшить поэтические строки и само произведение. Но нужен труд, труд и знания. Не маловажно, каков первоисточник.

Поэма «Кулагер» обозначена литературоведами как «жоқтау». Это слово означает скорбь, плач по умершему, убитому, отошедшему в мир иной.

Беру на себя смелость утверждать, что «Кулагер» – поэма-реквием. Хотя это не музыкальное произведение. Но она так выразительна, мелодична, как и вся поэзия Ильяса. Поэтому определение «реквием» по отношению к этому произведению вполне уместно.

Мне не понравилось, что Б. Джилкибаев назвал «Кулагер» рапсодией. По жанровым особенностям «реквием» – более точное определение.



Саят ДЖАНСУГУРОВ

Перевод поэмы, сделанный Б. Джилкибаевым, можно назвать вполне добротным. Старания и желания переводить хорошо у него не отнимешь. Его версия поэмы лучше перевода М. Луконина.

Поэма Кулагер – это «тризна», как очень хорошо назвал свой фильм, поставленный по мотивам поэмы, российский режиссер Булат Мансуров. Тризна по сказку, герою поэмы Ахан сере, тризна по казахскому народу и всем народам, попавшим под репрессивную машину Сталина. К тому же это тризна и по самому автору. Ибо в 1936 году, когда писалась поэма, кровавые события по уничтожению лучших людей Казахстана и всего СССР уже разворачивались.

Отец мой, бывший в начале творческой жизни сторонником Советской власти, к тому времени стал понимать, что такое сталинский диктат. «Великий джунт» 1932 года, организованный ставленником «отца народов» Голлошкиным, унес миллионы жизней. Огромное число людей осталось без пропитания в виде личного скота, отнятого на потребу «светлого будущего», для импорта. Власть тем самым элементарно убивала людей не только физически, но и духовно.

Бесчисленные неоправданные, необоснованные,



навязанные народу реформы и поборы. «Борьба с бедностью» только увеличила число бедных. Людей лишили веры, заменив ее пустой мечтой о призрачном «коммунизме». Даже социализм с приемлемым для простого человека укладом жизни был объявлен переходным, временным. Следовательно, вчерашние «друзья-социалисты» стали врагами, тормозящими скорейшее претворение в жизнь светлой мечты человечества – коммунизма. Причем народ никто не спрашивал, хочет он жить при коммунизме или нет.

Арестованы или расстреляны лучшие люди. Ум и цвет нации. Страна превратилась в сплошной ГУЛАГ. Недовольных наказывали «изоляциями» или расстрелом. Показушная жизнь. Вранье. В фильмах, на сцене, в печати одно сплошное счастье, улыбающиеся лица. В реальности – нищенская жизнь. В магазинах – «ширпотреб». Выехать за границу невозможно. Железный занавес. Сказать правду нельзя. Цензура. Шоры, шоры... Пишут, как пашут, только по государственному заказу.

Я думаю, что отец к 1936 году окончательно понял, куда, в какую пропасть или тупик, загнал страну диктаторский режим «отца народов». Почему политологи стыдливо называют ту эпоху периодом становления Советской власти. Это была власть, но вовсе не советская. Это была диктатура. А если быть последовательным, то это никем и ничем не ограниченный деспотизм личности над всеми, кто его окружал.

Не зря любимым героем Иосифа Сталина был Иван Грозный. Советская кинематография в тяжелейшие годы войны поставила фильм «Иван Грозный», который Сталин с удовольствием смотрел сам и людям показывал. Любимая фраза вождя: «Есть человек – есть проблема, нет человека – нет проблемы».

Ильяс, как истинный поэт, был очень тонкий, легко ранимый человек. Я думаю, что он воспринимал все происходящее как беспредел, задевающий его душу ЧЕЛОВЕКА. Уникающее достоинство. Обман огромного количества доверившихся власти людей бережил души честных граждан. Такие, как Ильяс, восприняли все происходящее как предательство лучших надежд, мечты человечества.

Для Ильяса особо безобразным представлялось поведение Сталина и его приспешников во времена голодомора 30-х годов.

Эта страшная трагедия отвратила определенную часть людей от Советской власти. Подтверждение – написанная И. Джансугуровым, но неопубликованная поэма «Музкала» («Ледяной город»). О ней я писал ранее. Напомню кратко содержание. Приезжает в степь большой начальник из центра и, объезжая вместе с помощниками степные просторы, видит кочевку казахов.

Спрашивает грозно: «Кто это такие? Почему они не работают. Что это за разгул в рабочее время?» Ему отвечают, что это местные жители. Это их образ жизни. Они пасут скот. Начальник разгневался и велел отобрать имущество у «кочевников» и заставить их пахать землю. Так и сделали. В результате много-много степняков умерло от голода.

Поэма не увидела свет. Но властям, я думаю, о ее содержании было известно. «Стукачей» в те годы хва-

тало. Да и отец мой был человеком открытым. Он не таил ничего. вспомните Пушкина, Лермонтова, Есенина, Маяковского. Разве они, окруженные соглядатами, могли хоть что-то скрыть от власти?

Не мог Ильяс быть толстокожим, безразличным. Он написал своего «Кулагера». Тризна, реквием, жоктау. По кому? По всему светлому несбывшему, по мечте, по обманутому народу, по Ахану, по Кулагеру, великолепному сказочному скакуну. Да, по ним всем. Но и по себе. Он знал, что ему ничего не простят. К тому времени он сделал свой выбор. Он выбрал пулю.

Фрагмент, выбранный мной из «Кулагера» для сравнения переводов, имеет еще одну особенность. Он написан в восторженном, пафосном духе, строки наполнены оптимизмом!

Что это? Противоречие основной теме или смерти? Противоречий нет. Три строфы из целой поэмы – дань мечте, желание видеть свой народ счастливым и гордым, а Родину – свободной.

Вот таков, на мой взгляд, экскурс в историю создания пролога к «Толгану». Эти строфы – как звезда, как солнце, которое сопровождало скачку Кулагера и которое померкло от затмения, когда убили легендарного скакуна. Но ведь солнце вновь засияет, а жизнь продолжится. Ильяс дает надежду на лучшее будущее...

Тема оптимизма, надежды, светлой мечты «Киялда» – всегда должна быть. Таков Ильяс. Зная свою судьбу, предвидя гибель, на пороге небытия он воспел торжество жизни.

Я смотрю на портрет отца и мне не хочется плакать. Мир огромен и прекрасен. А человек бессмертен!

Саят ДЖАНСУГУРОВ.

P. S. На мой взгляд, вины М. Луконина в том, что его перевод «Кулагера» не самый лучший, нет. Во-первых, с творчеством Жансугурова поэт столкнулся впервые. Стихотворные строки приходилось складывать с подстрочника, подготовленного другим переводчиком (А. Сулеевым). Во-вторых, стихи писались Лукониным в большой спешке, что не могло сказаться на их качестве.

К тому же поэтический перевод с другого языка – процесс очень и очень сложный. Поэтому хочу от всей души поблагодарить обоих переводчиков за любовь к творчеству моего отца.

Толгану

Илияс ЖАНСУГУРОВ

Тасында, тау суындай көңіл жыры,
Қазақтың сусындасын ойы-қыры.
Бұрқырат бұлағыңды кең далаңа
Бастырмай шөпке-шарға тоқтап құры
Даланың той болғанда бүгін күні
Жүйріктей бабындағы жүгір, міні,
Орай шап алдын-артын жиын жұрттың
Жыр қыла бүгінгіні, бұрынғыны
Шарықта шар тарапқа қиял құсы,



Көңілдің кеп тұрғанда күнді алғысы
Халқының қуанышын қанат қып қак,
Қашан да қала берер уяң кісі

Вступление**Михаил Луконин**

Поэзия моей души потоками бурли!
Взгорий и степей жажду утоли!
Пусть реки степью распаленной мчатся, клокоча,
Не застаиваясь там, где стада прошли!
Наше время для степей – праздничные дни.
Как игреневый скакун, по степям гони,
Обгоняя весь народ, мчись, опережай!
О сегодняшнем и прошлом в песне прозвени!
Воображёнью: птице светлых дней, сердце посвяти,
Пусть робкие плестись будут позади.

Раздумья**Берик Джилкибаев**

Бурлит потоком горным сегодня песнь моя,
Неся прохладу в ближние и дальние края.
Вся родина охвачена словами песни той,
Пьёт влагу травка каждая, пригорочек любой.

Пришел наш день – день праздника в ликующей
степи,

Вперед, скакун мой – Песня! Людей поторопи!
Не оставляй спокойными, тревожь умы, сердца.
Чтоб прошлое и новое познали до конца.

Уходит в поднебесье крылатая мечта,
Купаясь в ласках солнца с улыбкой на устах,
Пари в просторе синем, не бойся высоты,
Народ не любит робких, так будь отважней ты!

Пролог**Саят Джансугуров**

Потоком бурным низвергаясь с гор,
Мой стих родных просторов жажду утоли,
И тот родник, источник чистых вод,
Пусть каждый куст и травку оросит.

Пирует, празднует вся степь сегодня,
Ликующих людей несчастье обойди!
И в той толпе всем дышится свободно,
Ведь счастье здесь теперь, а горечь позади.

Так песнь моя, как гимн, вознесись
Крылатою мечтою моего народа,
Идущего вперед, став на ноги свои,
Ступая гордо по земле свободной.
(Удел же слабых быть в хвосте событий.)

«СҰЛУШАШ» ПОЭМАСЫН ОҚЫТУ

Сәбит Мұқановтың «Сұлушаш» поэмасы бойынша өткен қорытынды сабақтың мақсаты:

а) Білімділік: тақырыпты толық аша білу. Әділетсіздікті сынау, әділетті өмірді аңсау.

ә) Дамытушылық: оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау шеберлігін, ойларын жүйелі жеткізу, есте сақтау қабілеттері мен іздену, шығармашылықпен жұмыс жүргізу белсенділіктерін арттыру.

б) Тәрбиелілік: оларды адамгершілікке, оптимистік көзқарасқа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа білімді озбетімен меңгеру, білімді бекіту сабағы.

Сабақтың әдісі:

а) Әңгімелеу, ой шақыру.

б) Блумның сұрақ кою өлшемі.

в) Еркін жазу стратегиясы.

Сабақтың көрнегі: Тірек-сызба, суреттеме кесте, жиналмалы кітапша.

Сабақтың барысы: Ұйымдастыру кезеңі.

I. Қызығушылықты ояту.

II. Ой шақыру.

Маралдым МАХАНОВА,

Д.Қонаев атындағы университет колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытушысы.

«Блумның сұрақ кою өлшемі» бойынша мынадай сұрақтар кою:

1) Шығармада автор нені зерттеп, нені мақсат етіп қойыпты.

2) Сұлушашты байлықтан бас тартқызып қандай жағдай? Байлықтан гөрі ненің мүддесін жоғары қойды?

3) Қазіргі жас қыздар басынан Сұлушаш бой-ындағы қасиет табыла ма?

4) Алтай мен Сұлушаш болашақтан нені күтті, қандай байламға келді?

5) Бүгінгі таңда Қайсар сияқты досқа адал, сертіне берік жандар кездесе ме?

6) Бүгінгі өмірде Сұлушаш пен Алтай махаббатындай махаббатқа тұрақты жандар кезіге ме?



Махаббат мәселесі біздің дәуірімізде қалай шешіліп отыр?

Вени диаграммасы арқылы сипаттама жасау.

Айырмашылық Ұқсастық Айырмашылық
III. Ой-толғаныс кезеңі.

кеше

бүгін

1) Мен жазушы болсам шығарманы қалай аяқтар едім?

2) Мен махаббатты қалай сезінемін?

3) Мен өз махаббатымды қалай қорғаймын?

IV. Сұрақ жауап, қорыту, бағалау барысы.

Кубик арқылы пікірлерін, ойларын жинақтау.

1. Суретте

2. Салыстыр

3. Зертте

4. Талқыла

5. Қолдайсың ба?

Ой-толғаныс кезеңі бойынша баяндалған оқушы көзқарасы.

Мен жазушы болсам шығарманы қалай аяқтар едім?

«Сұлушаш» поэмасы – өлеңмен жазылған аса бағалы шығарма. Ақын бай мен кедей арасындағы бітіспейтін қайшылықты көрсетіп қана қоймай, ар-намысы, махаббаты үшін күресе білетін Алтай, Қайсар, Сұлушаш сияқты қайсар, қажырлы жастар бейнесін жасап шығарғанда, оларды адал махаббаттары жайында әр қилы жағдайларға душар еткізіп, мерт еткен. Ал, мен автор болсам, өздерінің бас еркіндігі үшін күрескен екі жанды зорлықшыл қиянаттан, олардың уысынан алып шығар едім.

Бірінші ойым: Сұлушаш пен Алтай елден қашып шыққан соң, үш жасты тау-тасқа бір күн ғана паналатып, бірге тұмыр кештіріп, оларға қайырым жасатқан болар едім.

Екінші ойым: Үндінің фильмдеріндегідей Сұлушаштың күзден құлағанын Алтайға сезіндірген соң, Алтайды да суға қосып құлатып, тек екеуін дене жарақаттарына ұшыратып, қуғыншылар үшін олдіге санатып, екеуін құтқарушылар қолына іліктіріп, аман-есен бірге өмір сүргізер едім.

Үшіншісінен, Сұлушашқа қарай ұмтылған жолбарыспен арпалыстырып, жеңдіріп, екеуін де аман сақтап, қуғыншылар алдынан өткізіп, оларға қайырым жасатқан болар едім.

– **Мен махаббатты қалай сезінемін?**

Ақындардың жыры болған махаббат,

Ғашықтардың сыры болған махаббат.

Бірін-бірі шын сүймеген жандардың,

Ерте солған гүлі болған махаббат.

Махаббат – деген ұлы да асқақ сезім. Ол туралы мыңдаған ғасырда мыңдаған ақын жырласа, сонша жазушылар сыр ақтарған. Егер махаббат туралы ой қозғалса, ең алдымен, өз адал махаббаттарының құрбаны болған Қозы мен Баянның, Жүсіп пен Злиханың, Ләйлі – Мәжнүннің, Еңлік пен Кебектің, Қалқаман мен Мамырдың махаббатқа деген тұрақтылығы ойға орала-

ды.

